ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІ
АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО СТАТИСТИКЕ

Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңына сәйкес бұл материал көбейтуге (көшіруге) жатпайды, статақпараттарды өзінің жарияланымдарында (басылымдарында) пайдаланған жағдайда Қазақстан Республикасы Статистика агенттігіне сілтеме жасауға міндетті.

В соответствии с Законом РК «Об авторском праве и смежных правах» данный материал не подлежит размножению (копированию), при использовании статинформации в своих публикациях (изданиях) обязательна ссылка на Агентство Республики Казахстан по статистике.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

2005 жылдың қаңтар-шілдесі
январь-июль 2005 года

АЛМАТЫ, 2005

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

Ай сайынғы ақпараттық-талдамалы журнал

1991 жылдан бастап шығады

Құрылтайшы: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Бас редактор - Қ.Әбдиев

«Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуында» 2005 жылдың қаңтар-шілдесіндегі ел экономикасының дамуы туралы жедел статистикалық деректер бар.

«Қазақстан Республикасы және оның өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының статистикалық көрсеткіштері» қосымшасында тиісті бөлімдер бойынша кестелік материал келтірілген.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы (жедел деректер)» ай сайынғы журналын электрондық түрде де ұсыну мүмкіндігі бар.

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 125, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
Телефондар: 8 (327-2) 61-13-23, 61-66-45
Факс: (327-2) 42-08-24
E-mail:stat@ mail.online.kz
Internet:http//www.stat.kz

Шартты белгілер:

-	–	құбылыс жоқ
0,0	–	болмашы шама
…	–	деректер жоқ (табыс етілмеген)

Таралымы: 250 дана.
Көлемі = 12,36 ЕБТ

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылдың 14 тамызында тіркелген № 3156-Ж

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Ежемесячный информационно-аналитический журнал

Издается с 1991 года

Учредитель: Агентство Республики Казахстан по статистике

Главный редактор - К.Абдиев

«Социально-экономическое развитие Республики Казахстан» содержит оперативные статистические данные о развитии экономики страны в январе-июле 2005г.

В приложении «Статистические показатели социально-экономического развития Республики Казахстан и ее регионов» приведен табличный материал по соответствующим разделам.

Агентство Республики Казахстан по статистике имеет возможность предоставлять ежемесячный журнал «Социально-экономическое развитие Республики Казахстан (оперативные данные)» также в электронном виде.

Адрес: Республика Казахстан, 050008, г. Алматы, пр Абая, 125, Агентство Республики Казахстан по статистике
Телефоны: 8 (327-2) 61-13-23, 61-66-45
Факс: (327-2) 42-08-24
E-mail:stat@ mail.online.kz
Internet: http//www.stat.kz

Условные обозначения:

-	–	явление отсутствует
0,0	–	незначительная величина
...	–	данные отсутствуют (не представлены)

Тираж: 250 экз.
Объем = 12,36 УПЛ

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан 14 августа 2002 г. № 3156-Ж

© Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, 2005
© Агентство Республики Казахстан по статистике, 2005

Мазмұны

1. Қазақстан Республикасының 2005 жылдың қаңтар-шілдесіндегі әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқаша қорытындылары ... 5

2. Тауарлар мен қызметтер өндірісі ... 7

2.1 Жалпы ішкі өнім ... 7
2.2 Өнеркәсіп өндірісі ... 7
2.3 Ауыл шаруашылығы ... 12
2.4 Құрылыс ... 14
2.5 Көлік ... 15
2.6 Байланыс ... 15
2.7 Сауда және өзге де қызметтер ... 16

3. Шағын бизнес мониторингі ... 18

4. Сыртқы сауда ... 19

4.1 Сыртқы сауда айналымы ... 19
4.2 ТМД мемлекеттерімен сыртқы сауда ... 20
4.3 Әлемнің басқа елдерімен сыртқы сауда ... 20

5. Тауар рыноктары ... 21

5.1 Өнімнің (тауарлардың) жекелеген түрлерінің ресурстары ... 21
5.2 Импортты алмастыру туралы ... 22

6. Инвестициялар ... 23

7. Баға ... 24

7.1 Тұтыну бағалары ... 24
7.2 Экономиканың нақты секторындағы бағалар ... 25

8. Қаржы жүйесі ... 27

8.1 Мемлекеттік қаржы ... 27
8.2 Кәсіпорындардың қаржы қызметі ... 29
8.3 Ақша-кредит жүйесі ... 30

9. Еңбек рыногы және еңбекке ақы төлеу ... 31

9.1 Жалданып жұмыспен қамтылу ... 31
9.2 Жұмыссыздық және жұмыспен қамтамасыз ету ... 32
9.3 Еңбекке ақы төлеу ... 32

10. Халықтың табысы ... 34

11. Демографиялық процестер және әлеуметтік сала ... 35

11.1 Демографиялық ахуал ... 35
11.2 Халықтың ауру-сырқаулығы ... 36
11.3 Қылмыстылық ... 37

12. Қазақстан Республикасы өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы: салыстырмалы талдау ... 38

13. Конъюнктуралық зерттеулер ... 40

14. Әлемдік экономиканың даму үрдісі ... 43

14.1 ТМД елдерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы ... 43
14.2 ЕО және Еуро-аймақ елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері ... 48
14.3 2005 жылдың шілдесіндегі жекелеген тауарлардың әлемдік рыногының конъюнктурасы ... 52

Содержание

1. Краткие итоги социально-экономического развития Республики Казахстан в январе-июле 2005 года ... 55

2. Производство товаров и услуг ... 57

2.1 Валовой внутренний продукт ... 57
2.2 Промышленное производство ... 57
2.3 Сельское хозяйство ... 62
2.4 Строительство ... 64
2.5 Транспорт ... 65
2.6 Связь ... 65
2.7 Торговля и прочие услуги ... 66

3. Мониторинг малого бизнеса ... 68

4. Внешняя торговля ... 69

4.1 Внешнеторговый оборот ... 69
4.2 Внешняя торговля с государствами СНГ ... 70
4.3 Внешняя торговля с другими странами мира ... 70

5. Товарные рынки ... 71

5.1 Ресурсы отдельных видов продукции (товаров) ... 71
5.2 Об импортозамещении ... 72

6. Инвестиции ... 73

7. Цены ... 74

7.1 Потребительские цены ... 74
7.2 Цены в реальном секторе экономики ... 75

8. Финансовая система ... 77

8.1 Государственные финансы ... 77
8.2 Финансовая деятельность предприятий ... 79
8.3 Денежно-кредитная система ... 80

9. Рынок труда и оплата труда ... 81

9.1 Занятость по найму ... 81
9.2 Безработица и обеспечение занятости ... 82
9.3 Оплата труда ... 82

10. Доходы населения ... 84

11. Демографические процессы и социальная сфера ... 85

11.1 Демографическая ситуация ... 85
11.2 Заболеваемость населения ... 86
11.3 Преступность ... 87

12. Социально-экономическое положение регионов Республики Казахстан: сравнительный анализ ... 88

13. Конъюнктурные обследования ... 90

14. Тенденции развития мировой экономики ... 93

14.1 Социально-экономическое положение стран СНГ ... 93
14.2 Текущее состояние стран ЕС и Евро-зоны ... 98
14.3 Конъюнктура мирового рынка отдельных товаров в июле 2005г. ... 102

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2005 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР-ШІЛДЕСІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Макроэкономикалық көрсеткіштер. 2005 жылдың қаңтар-маусымында жедел деректер бойынша, жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) көлемі ағымдағы бағамен 3013,4 млрд. теңгені құрады. Нақты ЖІӨ 2004 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 109,1% өсті. ЖІӨ құрылымында тауар өндірісінің үлесі ЖІӨ-де – 41,6%, қызмет көрсетуде – 54,2%.

2005 жылдың шілдесінде тұтыну бағасының индексі 2004 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 104,0%-ды құрады. Бағалар мен тарифтер азық-түлік тауарларына – 4,7%, азық-түлік емес тауарларға – 2,5%, ақылы қызметтерге – 4,0% өсті. 2005 жылдың шілдесінде өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындардың бағасы 2004 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 17,9% өсті.

2005 жылдың шілдесінде сараптық бағалау бойынша жұмыссыздар саны 628,8 мың адам болды, жұмыссыздық деңгейі экономикалық белсенді халық санына 7,9%-ды құрады, соның ішінде жұмыспен қамту органдарында ағымдағы жылғы шілденің соңында жұмыссыздар ретінде тіркелген азаматтар саны – 110,7 мың адам, экономикалық белсенді халық санындағы олардың үлесі – 1,4%.

Экономиканың нақты секторы. 2005 жылдың қаңтар-шілдесінде *өнеркәсіп өндірісінің көлемі* қолданыстағы бағамен 2731,7 млрд. теңгені құрады, бұл 2004 жылғы қаңтар-шілдедегіден 5,1% артық. Өндіріс көлемі 2004 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда кен өндіру өнеркәсібінде – 4,9%, өңдеу өнеркәсібінде – 5,4%, электр энергиясын, газ бен су өндіруде және бөлуде – 3,5% өсті.

2005 жылдың қаңтар-шілдесінде *ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі* ағымдағы бағамен 216,5 млрд. теңгені құрап, 2004 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда 5% өсті.

2005 жылдың қаңтар-шілдесінде *жүк тасымалдаудың жалпы көлемі* (коммерциялық тасымалдаумен шұғылданатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасымалдаған жүк көлемінің бағасын есепке алғанда) 1019,5 млн. тоннаны құрап, 2004 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 3,6% өсті.

Есепті кезеңде *бөлшек сауда тауар айналымының көлемі* (қоғамдық тамақтандыру айналымынсыз) 705,2 млрд. теңгені құрап, 2004 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда 11,0% артты.

2005 жылдың қаңтар-шілдесінде *негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың көлемі 992,6* млрд. теңгені құрады, бұл 2004 жылғы қаңтар-шілдедегіден 1,5 есе жоғары.

2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша республикада 220399 *заңды тұлға тіркелген*, *соның ішінде қызметкерлерінің саны 50 адамға дейін - 207113. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар* - 167835. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың ішінде шағын кәсіпорындар – 155445 құрайды, олардан шағын бизнес субъектілері - 112701.

Сыртқы сауда. 2005 жылғы қаңтар- маусымда Қазақстанның *сыртқы сауда айналымы* (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің деректері бойынша ұйымдаспаған сауданы есепке алмағанда) 21206,5 млн. АҚШ долларын құрап, 2004 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда 49,2% өсті, соның ішінде *экспорт* – 13077,9 млн. АҚШ доллары (53,1% өсті), *импорт* – 8128,6 млн. АҚШ доллары (43,4% өсті).

Қаржы. 2005 жылдың 1 шілдесінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жедел деректері бойынша Қазақстан Республикасының *Мемлекеттік бюджетіне* түскен табыстар көлемі 861,7 млрд. теңгені құрады, бұл 2004 жылғы 1 шілдедегіден 38,7% артық, шығындар – 691,6 млрд. теңге (2004 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 18% көп).

Есеп берген кәсіпорындар мен ұйымдардың деректері бойынша 2005 жылғы маусымда қаржылық нәтиже табыс есебінде 131,4 млрд. теңге сомасында анықталды, бұл 2004 жылғы маусымдағыдан 13,6% жоғары. *Пайдалылық деңгейі* – 29,8%. Есеп берген кәсіпорындардың жалпы санынан *залалды кәсіпорындардың үлесі* 38,2% құрады.

2005 жылғы 1 шілдеде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің деректері бойынша екінші деңгейдегі банктердің экономика салаларына салған *кредиттік салымдары 1901,9* млрд. теңгені құрады. Олардың өсуінің тұрақты серпіні байқалады. Кредиттік салымдардың жалпы көлемінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлесі 66,3%, шетел валютасындағы кредиттердің үлесі 49,6% құрады. 2005 жылғы 1 шілдеде банк жүйесіндегі *депозиттер көлемі* 1443,9 млрд. теңгені құрады, бұл 2004 жылғы 1 шілдедегіден 53,7% көп, соның ішінде халық депозиттері (салымдары), тиісінше, 502,3 млрд. теңге болды, бұл 2004 жылғы 1 шілдедегіден 31,3% көп.

Халық табысы. 2005 жылғы маусымда, бағалау бойынша, *халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы* 14447 теңге құрап, 2004 жылғы мамырмен салыстырғанда – 14,7%, *нақты ақшалай табысы* – 6,3% өсті.

2005 жылғы маусымда қызметкерлерге есептелген *орташа айлық атаулы жалақы* 32152 теңге құрады және 2004 жылғы маусыммен салыстырғанда 14,4% өсті. *Нақты жалақы* 6,0% өсті.

НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОРЛАР

	Өлшем бірлігі	2005ж. қаңтар-шілде	2005ж. шілде	Өткен жылдық тиісті кезеңіне %- бен		2005ж. шілде 2005ж. маусымға %-бен
				2005ж. қаңтар-шілде	2005ж. шілде	
А	Б	1	2	3	4	5
Экономикалық көрсеткіштер						
Жалпы ішкі өнім[1]	млрд. теңге	3013,4		109,1		
Өнеркәсіп өнімдерінің (тауарларының, қызметтерінің) көлемі	млрд. теңге	2731,7	437,8	105,1	99,7	102,6
Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі	млрд. теңге	216,5	49,3	105,0	108,0	129,3
Көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау	млн. тонн	1019,5	175,0	103,6	107,6	109,0
Байланыс қызметтерінің көлемі (өсу қарқыны салыстырмалы бағаларда), жедел деректер бойынша	млрд. теңге	114,0	20,0	123,2	134,3	117,4
Өткізудің барлық арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымы	млрд. теңге	705,2	113,0	111,0	112,5	105,0
Сыртқы сауда айналымы[1]	млн. АҚШ долл.	21206,5	3760,6	149,2	141,3	92,7
соның ішінде:						
экспорт		13077,9	2170,3	153,1	144,7	84,0
импорт		8128,6	1590,3	143,4	136,9	108,0
Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар	млрд. теңге	992,6	170,7	149,3	130,9	80,0
Тұтыну бағасының индексі				107,4	104,0 [2)]	100,5
Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасының индексі				118,6	117,9[2)]	106,0
Жұмыссыздар саны (бағалау)	мың адам	х	628,8	х	98,2	100,2
Орта есеппен жан басына шаққандағы ақшалай табыс (бағалау)[1]	теңге	82391	14447	114,8*	114,7*	101,1
Нақты ақшалай табыс (бағалау)[1]	%-бен	-	-	107,0*	106,3*	100,7
Бір қызметкердің орташа айлық жалақысы[1]:						
атаулы	теңге	30400	32152	114,0	114,4	102,1
нақты	%-бен			106,3	106,0	101,7
Қаржылық көрсеткіштер [3]						
М3 ақша жиыны [4]	млрд. теңге		1833,3		150,2	103,0
Айналымдағы қолма-қол ақша[4]	млрд. теңге		389,5		138,4	100,9
Банк жүйесіндегі депозиттер[4]	млрд. теңге		1443,9		153,7	103,6
соның ішінде халық депозиттері	млрд.теңге		502,3		131,3	102,4
Екінші деңгейдегі банктердің экономика салалары мен халықты кредиттеуі[4]	млрд. теңге		1901,9		160,7	106,8
соның ішінде ұзақ мерзімді кредиттік салымдар	млрд.теңге		1261,7		162,7	106,3
Кәсіпорындар мен ұйымдардың пайдалылығы[1]	%-бен		29,8		-	-
Кәсіпорындар мен ұйымдардың дебиторлық берешегі	млрд. теңге		2150,5		137,1	106,3
Кәсіпорындар мен ұйымдардың міндеттемелер бойынша берешегі	млрд. теңге		4321,6		129,9	104,4

[1] 1-баған- 2005ж. қаңтар-маусым. 2- баған- 2005ж. маусым; 3- баған – 2005ж. қаңтар-маусым 2004ж. қаңтар-маусымға -%-бен; 4- баған- 2005ж. маусым 2004ж. маусымға - %-бен; 5-баған- 2005ж. маусым 2005ж. мамырға %-бен.

[2] 2004ж. желтоқсанға.

[3] 2- баған - кезең басында; 4 -баған-1.07.05 1.07.04-ке; 5 - баған- 1.07.05. 1.06.05-ке.

[4] ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша.

** 2004 жылғы қаңтар-маусымдағы және маусымдағы нақтыланған деректерге %-бен.*

Ескерту: Өнеркәсіп өнімдерінің көлемі тиісті жылдардағы кәсіпорындар құрылымы бойынша келтірілген.
Өткізудің барлық арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымы қоғамдық тамақтандыру қызметтерін есепке алмайды.
Сыртқы сауда тауар айналымы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетінің деректері бойынша ұйымдаспаған сауданы ескерусіз келтірілген.

2. ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ӨНДІРІСІ

2.1 ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ

Қазақстанның 2005 жылдың I жарты жылдығында өндірілген жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) көлемі жедел алынған деректер бойынша 3013,4 млрд.теңге болып белгіленді. Оның нақты көлемінің өзгеру қарқыны 2004 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 109,1% құрады.

ЖІӨ-нің 9,1%-ға өсуі экономиканың барлық салаларында нақты көлемнің: өнеркәсіпте – 6,9%-ға, ауыл шаруашылығында – 4%, құрылыста – 29,3%, көлік және байланыстағы қызмет көрсету – 8%, саудада – 8,6% өсуіне байланысты болып отыр.

2005 жылдың I жарты жылдығында дефлятор-индекс жалпы экономика бойынша өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 110,6% құрады, соның ішінде тауарлар өндіруде – 110,5%, қызмет көрсетуде – 110% жетті.

Ағымдағы кезеңде ЖІӨ құрылымында тауарлар өндіру мен қызмет көрсетудің үлесі тиісінше 41,6% және 54,2% құрады. ЖІӨ өндіруде негізгі үлесті өнеркәсіп (33,5%) алады.

2005 жылдың I жарты жылдығындағы ЖІӨ өндіру келесі деректермен сипатталады:

	Жалпы қосылған құн, өнімдерге және импортқа салынған салық ағымдағы бағаларда, млрд. теңге, 2005 жылдың қаңтар-маусымы	Нақты көлем индексі, 2005 жылдың қаңтар-маусымы 2004 жылдың қаңтар-маусымына, %	ЖІӨ құрылымы, %		Дефлятор, 2005 жылдың қаңтар-маусымы 2004 жылдың қаңтар-маусымына, %
			2005 жылдың қаңтар-маусымы	2004 жылдың қаңтар-маусымы	
Жалпы ішкі өнім	3 013,4	109,1	100	100	110,6
Тауарлар өндіру	1 253,3	109,5	41,6	41,5	110,5
Ауыл шаруашылығы, орман өсіру, балық аулау	76,8	104,0	2,5	3,3	90,2
Өнеркәсіп	1 008,9	106,9	33,5	32,9	114,7
Құрылыс	167,6	129,3	5,6	5,3	98,7
Қызмет көрсету	1 638,7	109,0	54,2	54,7	110,0
Сауда	413,8	108,6	13,7	12,1	126,3
Көлік және байланыс	349,9	108,0	11,6	13,0	100,0
Қызмет көрсететін басқа да салалар	875,0	109,6	28,9	29,6	107,8
Салалар бойынша барлығы	2 892,0	109,2	95,8	96,2	110,2
Өнімдерге және импортқа салынған таза салықтар	205,9	109,1	6,8	5,7	133,5
Қаржы делдалдығы көрсететін жанама-өлшемді қызметтері	-84,5	117,0	-2,8	-1,8	157,1

2.2 ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІ

2005 жылдың қаңтар-шілдесінде Қазақстанның өнеркәсіп кәсіпорындары (шағын, қосалқы кәсіпорындарды, үй шаруашылықтары секторын қоса) қолданыстағы бағада 2731,7 млрд. теңгенің өнімін өндірді, бұл 2004 жылғы қаңтар-шілдедегі деңгейге 105,1% құрады. Өндіріс көлемінің өсуі республиканың барлық өңірлерінде байқалды, тек Қарағанды (87,7%), Қызылорда (89,5%) және Қостанай (94,7%) облыстарынан басқа.

2005 жылдың қаңтар-шілдесіндегі өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индекстері және өнеркәсіптің салалық құрылымы



Кен өндіру өнеркәсібінде 2005 жылдың қаңтар-шілдесінде 1595 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, бұл 2004 жылдың қаңтар-шілдесінен 4,9%-ға жоғары. Осы кезеңде көлемнің өсуі негізінен газ конденсатын (43,6%-ға); лигнит (20,4%-ға); біріктірілмеген темір (19,1%-ға); мыс (11,3%-ға) және хром (9,4%-ға) кендерін; шикі мұнай (0,7%-ға) өндіруді арттыру есебінен қамтамасыз етілді. Табиғи газды жалпы өндіру 147,4% құрады. Сонымен қатар, тас көмір (97%); мыс-мырыш (93%); біріктірілген темір (92,8%); қорғасын-мырыш (92,6%); және құрамында алтыны бар (41,5%); теміркенді шекемтастар (82,2%) кендерді өндіру төмендеді.

2005 жылдың қаңтар-шілдесіндегі кен өндіру өнеркәсібі қызметінің жекелеген түрлерінің нақты көлем индекстері және үлес салмағы



Өңдеу өнеркәсібінде 2005 жылдың қаңтар-шілдесінде 969,4 млрд. теңгенің өнімі өндірілген, бұл 2004 жылдың қаңтар-шілдесіндегі деңгейден 5,4%-ға жоғары.

2005 жылдың қаңтар-шілдесіндегі өңдеу өнеркәсібі қызметінің жекелеген түрлерінің нақты көлем индекстері және үлес салмағы

2005 жылдың қаңтар-шілдесінде 248,2 млрд. теңгеге ауыл шаруашылығы өнімі өңделді, соның ішінде **сусындарды қоса, тамақ өнімдерін өндіру** 221,8 млрд. теңгені құрады. 2004 жылғы қаңтар-шілдедегі деңгейге қарағанда ет пен тағамдық ішек-қарын; еттен жасалған консервілер; дайындалған және консервіленген балық; жеміс және көкөніс шырындарын; тазартылған күнбағыс, мақта және соя майлары; сүт және кілегей; сары май; ұн; жарма; макарон және кондитерлік өнімдер; майонез өндіру артты. Сондай-ақ, этил спирті және арақ (1,7 есе); ликер (43,7%-ға); коньяк (31,6%-ға); жүзім шарабын (23,8%-ға); сыра (11,4%-ға) өндіруді арттыру қамтамасыз етілді.

2005 жылдың қаңтар-шілдесінде **тоқыма және тігін өнеркәсібінде** 17,4 млрд. теңгенің өнімі өндірілді. 2004 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда өндірістің өсуі негізінен қызметтің осы түрі бойынша, өнеркәсіп өндірісі көлемінің 60%-дан астам үлесі келетін мақта талшығын (31,2%-ға) шығаруды арттыру есебінен болды. Сондай-ақ, мата; иірімжіптер; төсек жаймалары; кілем және кілем бұйымдары; киіз; свитерлер, жемпірлер, пуловерлер және осыған ұқсас бұйымдар; трикотаж сырт және жұмыс киімдері; трикотаж іш киімдері 2004 жылғы қаңтар-шілдеден артық өндірілген.

2005 жылдың қаңтар-шілдесінде **былғары және былғарыдан жасалған бұйымдар мен аяқкиім өндірісінде** 1162 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, 2004 жылғы қаңтар-шілдедегі деңгейден 12,2%-ға төмендеді, бұл негізінен ірі қара малдың немесе жылқы тектес жануарлардың, қойдың, ешкінің және шошқаның терісінен жасалған былғары; аяқкиім өндіруді азайту есебінен болды.

Сүрек өңдеу және ағаштан жасалған бұйымдар шығару көлемі 2005 жылдың қаңтар-шілдесінде 2004 жылдың қаңтар-шілдесімен салыстырғанда теміржол және трамвай шпалдарын (32,4%-ға); ағаш ыдыстар (9,4%-ға); ағаш материалдары (3,9%-ға); терезе, есік және олардың рамаларын (3,8%-ға); ағаш талшығынан жасалған тақта (3,7%-ға) шығаруды азайтуға байланысты 93,8% құрады.

Целлюлоза-қағаз өнеркәсібінде және баспа ісінде 2005 жылдың қаңтар-шілдесінде 23,4 млрд. теңгеге өнім өндірілді. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда қағаз қаптар мен пакеттер (196,3%); кітаптар, кітапшалар, үндеу-хаттар және соған ұқсас жеке парақтағы баспа материалдар (132%); пошталық және құттықтау ашық хаттарын (126,1%); қағаздан немесе кеңірдектелген қатырма қағаздан жасалған қораптар, жәшіктер және сөмкелер (123,5%); түсқағаздар (118,3%); аптасына төрт реттен кем шығатын газеттер, жорналдар және мерзімдік басылымдар, баспа түрінде (115%) шығаруды арттыру қамтамасыз етілді.

2005 жылдың қаңтар-шілдесіндегі өңдеу өнеркәсібі қызметінің жекелеген түрлерінің нақты көлем индекстері және үлес салмағы



2005 жылдың қаңтар-шілдесінде **кокс, мұнай өнімдерін және ядролық материалдарды өндіруде** 91,6 млрд. теңгеге өнім шығарылды, бұл жанатын мазут (26,9%-ға); газойль (22,5%-ға); мотор отынын (бензин) (15,1%-ға); көмірсутекті сұйытылған газ (9,2%-ға) өндіруді арттыру есебінен өткен жылғы қаңтар-шілдедегі деңгейден 13,9%-ға жоғары.

Химия өнеркәсібінде 2005 жылдың қаңтар-шілдесінде 32,0 млрд. теңгенің өнімі өндірілді минералды немесе химиялық азотты және фосфарлы тыңайтқыштар (29,7 және 96,3% сәйкес); натрий трифосфатын (36,9%) және бихроматын (88%); ортофосфор (фосфор) (40,1%) қышқылын; пестицидтер (52,5%); стирол полимерлері (52,8%); хромды ангидрид (88,4%); шығаруды азайтуға байланысты 2004 жылғы қаңтар-шілдедегіден 10,3%-ға төмен болды.

2005 жылдың қаңтар-шілдесінде **резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіруде** 12,6 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, бұл өткен жылдың қаңтар-шілдесіндегі деңгейден 5,4%-ға төмен. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда кеуексіз пластмассадан жасалған пластиналар, табақтар, жұқа қабықтар, фольгалар (45,6%); бутыльдер, бөтелкелер, шишалар (61,2%); қораптар, жәшіктер, решеткалық ыдыс (68,4%); есікпен терезе (85,1%); резеңкеден жасалған құбырлар, түтіктер, жең және шлангілер (93,8%) өндірісі қысқарған.

Өзге де металл емес минералды өнімдер өндірісінде 2005 жылғы қаңтар-шілдеде 49,3 млрд. теңгенің өнімі шығарылды, бұл 2004 жылғы қаңтар-шілдедегі деңгейге 115,7% құрады, бұл негізінен фарфордан жасалған асхана және ас бөлме ыдыстары (2,6 есе); құрылыс ерітінділерін (44,6%-ға); әк (25,1%-ға); тауарлық бетон (20,7%-ға); құрылысқа арналған бетон өнімддері (19,9%-ға); бетоннан жасалған құрама құрылыс конструкцияларын (15,8%-ға); ғанышкартонын (6,1%-ға); цемент (2,8%-ға) өндіруді арттыру есебінен болды.

2005 жылдың қаңтар-шілдесінде **металлургия өнеркәсібінде және металдан жасалған дайын бұйымдар өндірісінде** 395 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, соның ішінде қара және түсті металлургия өнімі – тиісінше 151,3 және 214,5 млрд. теңге. Тұтастай қызмет түрі бойынша 2005 жылдың қаңтар-шілдесіндегі нақты көлем индексі 2004 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда 91,9% құрады; сала үлесіне өңдеу өнеркәсібі көлемінің 40%-ы келеді. **Қара металлургияда** жайма илек (30,8%-ға); болат (22,9%-ға); шойын (22,7%-ға); шығаруды қысқарту есебінен өндіріс 15,4%-ға төмендеген. Ферроқорытпалар өндірісі 7%-ға өскен. **Түсті металдар өндірісінде** нақты көлем индексі 100,3% құрады. Өңделмеген мырыш (119,5%); аффинаждалған күміс (116,4%); алюминий тотығын (103,5%) шығару артты. Мұнымен қатар, мыс сым (77%-ға); аффинаждалған алтын (5,2%-ға); тазартылған мыс (5,1%-ға); өңделмеген қорғасын (3%-ға); сияқты өнім түрлері бойынша өндіріс төмендеген.

Дайын металл өнімдерін өндіру 2005 жылдың қаңтар-шілдесінде 2004 жылғы қаңтар- шілдедегі деңгейге 84,6% құрады, бұл қымбат емес металдармен қапталған электродтар (73,5%); сыйымдылығы 50-300 л цистерналар, кеспектер және барабандар (67%-ға); ортадық жылу жүйесіне арнал?ан радиаторлар (42,6%-ға)-ғашығаруды азайтуға байланысты. Сонымен қатар орталық жылу жүйесінің қазандары (155,3%); мұнай және мұнай өнімдеріне арналған резервуарлар (146%); құрама металл құрылымдары (128,7%) шығару өсті.

2005 жылдың қаңтар-шілдесіндегі өңдеу өнеркәсібі қызметінің жекелеген түрлерінің нақты көлем индекстері және үлес салмағы

Машиналар мен жабдықтар өндіруде 2005 жылдың қаңтар-шілдесінде 28,5 млрд. теңгенің өнімі шығарылды. 2004 жылғы қаңтар-шілдедегі деңгейге қарағанда мұнай-газды өңдейтін (164,6%) және мұнай кәсібіне арналған жабдықтар (121,7%); көпірлік және төрттағанды крандар (151,7%); тұрмыстық кір жуғыш және киім құрғату машиналарын (149,6%); орталықтан тебетін сорғылар (128,5%) шығару өсті. Мұнымен қатар, кен өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар (10,1%); қозғалтқыштар (14,6%); экскаваторлар (57,1%); қатарлап дестегіштер (74,9%); шарикті немесе аунақша мойынтіректер (98,6%) шығару төмендеді.

Электр жабдықтарын, электрондық және оптикалық жабдықтар 18,9 млрд. теңгеге өндірілген. 2005 жылдың қаңтар-шілдесінде 2004 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда электр конденсаторлар (248,1%); ақпараттарды өңдеуге арналған цифрлық машиналар (196,2%); оқшауланған сымдар мен кабельдер (136,2%); электр аккумуляторлар (136,1%) және трансформаторлар (132,4%). Сонымен қатар бейне жазбалар немесе бейнелерді жаңғыртуға арналған аппаратуралар (68,1%-ға); теледидарлар (32,9%-ға); магнитофондар (20,9%-ға); электр тізбектерін ажыратуға, ауыстырып қосуға немесе қорғауға арналған, кернеулілігі 1000 В-ға дейінгі аппаратуралар (19,6%-ға) өнімі қысқарған.

2005 жылдың қаңтар-шілдесінде **көлік құралдары мен жабдықтарын өндіру** 36,8 млрд. теңгені құрады. 2004 жылдың қаңтар-шілдесіндегі деңгейге қарағанда автомобиль тіркемелерін және жартылай тіркемелерді (3,4 есе); теміржол локомотивтерін, трамвайға арналған моторлы вагондарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету қызметтерінің (46,6%-ға) көлемі артқан. Қозғалтқыштар (37,9%) және автомобильдер (46,1%) бөлшектері; жолаушыларға арналған жеңіл автомобильдер (50,3%), арнайы және жабдықтандырылған машиналар (55,4%); троллейбустер (72,2%); теміржол локомотивтерінің, трамвайға арналған моторлы вагондар (86,4%) бөлшектерінің өндірісі 2004 жылғы қаңтар-шілдеге қарағанда төмендеген.

Өнеркәсіптің өзге де салаларында 2005 жылдың қаңтар-шілдесінде 11,8 млрд. теңгенің өнімі өндірілген. Жиһаз шығару 2004 жылғы қаңтар-шілдедегі деңгейге қарағанда: асхана және қонақ күту бөлмесіне арналған ағаштан жасалған жиһаз – 1,9 есе; асүйге арналған жиһаз – 37,5%-ға; қаңқасы негізінен металдан жасалған, отыруға арналған жиһаз – 19,2%-ға; сауда кәсіпорындарына арналған және кеңсе жиһазы – 18%-ға. Сонымен қатар музыкалық аспаптар (3,6 есе); спорт тауарлары (2 есе) мен зергерлік бұйымдар (15,6%-ға) өндірісі де өскен.

Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлуде нақты көлем индексі 2005 жылдың қаңтар-шілдесінде 2004 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда 103,5% құрады.

Электр энергиясын өндіру 39,4 млрд. кВт. сағ. құрады немесе 2004 жылдың қаңтар-шілдесіндегі деңгейден 2,1% жоғары, мұны Алматы, Қарағанды, Павлодар, және Оңтүстік Қазақстан облыстарынан басқа барлық өңірлердің кәсіпорындары қамтамасыз етті.

Жылу энергиясын өндіру 52,7 млн. Гкал құрады немесе өткен жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда 2,6% артық. Өндірістің өсуін Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстары және Астана қаласынан басқа барлық өңірлердің кәсіпорындары қамтамасыз етті.

2005 жылдың қаңтар-шілдесіндегі электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлудің нақты көлем индекстері және үлес салмағы



2.3 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру

Ағымдағы жылғы қаңтар-шілдеде тұтастай республика бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі, бағалау бойынша, қолданыстағы бағамен 216,5 млрд. теңгені құрады, бұл 2004 жылғы тиісті кезеңдегіден 5%-ға артық.

Өсімдік шаруашылығы

Республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігі деректерінде 5 тамыздағы жағдай бойынша дәнді дақылдарды 8 облыс: барлық оңтүстік және Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары жинады. Тұтастай алғанда аталған өңірлер бойынша дәнді дақылдар жиналуға тиісті егіс алқабының 23,4% (794,8 мың га), соның ішінде Жамбыл – 83,2%, Оңтүстік Қазақстан – 70,4%, Алматы – 41,1%, Қызылорда – 13,7%, Батыс Қазақстан – 11,2%, Шығыс Қазақстан – 1,4%, Павлодар – 1,1%, Ақтөбе облыстарында – 0,3% жиналды.

Өткен жылғы 1069,7 мың тоннаға қарағанда, биыл егіні жиналған алқаптан 1234,0 мың тонна дән бастырылды (алғашқы кіріске алынған салмағында), бұл өткен жылғыдан 15,4% артық. Шығыс Қазақстан (өткен жылдың деңгейіне152,5%), Алматы (150,6%), Жамбыл (115,6%), Қызылорда (114%) облыстарының шаруашылықтары егін жинауды табысты жүргізуде. Сонымен қатар, Оңтүстік Қазақстан - 262,9 мың тонна (8,9%-ға кем), Батыс Қазақстан - 50,8 мың тонна (14,3%-ға) және Павлодар - 2,7 мың тонна (25%-ға) облыстарында астық өткен жылдағыдан аз бастырылды.

Көрсетілген күнге егіннің шығымдылығы 1 гектардан 15,5 центнерді құрады, яғни өткен жылғыдан 0,8 центнерге төмен. Қазіргі уақытта дәнді дақылдар жинап жатқан 8 облыстың ішінде егін шығымдылығының едәуір төмендегені Оңтүстік Қазақстан (әр гектардан 2,8 центнерге төмен), Павлодар (2,1 центнерге), Батыс Қазақстан (1,4 центнерге), Жамбыл (0,5 центнерге) және Қызылорда (0,1 центнерге) облыстарында байқалды.

Ірі азық дайындау. Ағымдағы жылғы 4 тамызда тұтастай республика бойынша 9310,6 мың тонна шөп, 153,2 мың тонна пішендеме қоры жиналды, бұл тиісінше, қажеттіліктің 77,5% және 25,1% құрайды. Сонымен қатар, Маңғыстау облысында талап етілетін шөп көлемінің тек 1%, Атырау – 26,1%, Қарағанды – 43,7%, Қызылорда – 46,0%, Шығыс Қазақстан – 59,1%, Жамбыл – 62,3%, Павлодар – 63,3%, Батыс Қазақстан облыстарында – 66,3% ғана дайындалды. Ал Қостанай, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарының ауыл шаруашылығы кәсіпорындары шөп дайындауды ойдағыдай жүргізуде, оларда шөп талап етілетін көлемнен, тиісінше, 32,7, 30,0 және 0,9%-ға артық дайындалды. Өткен жылдың тиісті күнімен салыстырғанда ағымдағы жылы тұтастай республика бойынша шөп пен пішендеме 13,4%-ға артық дайындалды, яғни малдың бір шартты басына 11,1 центнерден келеді.

Мал шаруашылығы

Ағымдағы жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша өткен жылғы тиісті күнмен салыстырғанда шаруашылықтардың барлық санаттарында ірі қара мал санының 6,2%-ға (6308,5 мың бас), қой мен ешкінің

8,5% (17487,5 мың бас), жылқының 5,6% (1330,6 мың бас), түйені? 9% (137,5 мың бас) және құстың 2,4% (30457,1 мың бас) өсуіне қол жеткізілген. Шошқа саны 1% қысқарып,1757,9 мың басты құрады.

2004 жылдың 1 тамызынан бергі кезеңде барлық облыстардың ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілері ірі қара мал, қой мен ешкі және жылқы санын көбейткен, ал түйе саны 11 облыста, құс саны 10 облыста, шошқа саны тек Қостанай (124,6%), Атырау (121,1%), Оңтүстік Қазақстан (107,7%), Ақтөбе (105,7%), Қызылорда (105,6%), Солтүстік Қазақстан (102,6%) және Қарағанды (101,6%) облыстарында өскен.

Өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда мал шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіру көлемінің өзгеруі төмендегі кестемен сипатталады:

Мал шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру



2005 жылғы қаңтар-шілдеде 2004 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ет және сүт өндірісінің өсуі барлық облыстарда, жұмыртқа – Маңғыстау (75%), Павлодар (94,6%), Алматы (98,8%) және Қызылорда (99,5%) облыстарынан басқа, барлық облыстарда белгіленді.

Ағымдағы жылдың қаңтар-шілдесіндегі мал шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндірудің жалпы көлеміндегі санаттар үлесі кестеде көрсетілген:

Шаруашылықтардың жекелеген санаттарының мал шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндірудегі үлес салмағы



2.4 ҚҰРЫЛЫС

Құрылыс қызметі

2005 жылғы қаңтар-шілдеде құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі, жете бағалауды ескере отырып, 328,1 млрд. теңгені құрады, бұл 2004 жылғы қаңтар-шілдедегі деңгейден 1,4 есе жоғары.

Республика көлемінде жеке құрылыс ұйымдары атқарған құрылыс жұмыстарының үлес салмағы қомақты – 79,7%. Мердігерлік жұмыстардың жалпы көлемінің 19,2%-ын шетелдік мердігерлер, 1,1%-ын мемлекеттік ұйымдар орындады.

Республиканың 15 өңірінде құрылыс жұмыстарының көлемі 2004 жылғы қаңтар-шілдедегі деңгейден асып түсті. Мұның өзінде көлемнің едәуір өсуі Ақтөбе (2,2 есе), Солтүстік Қазақстан (1,9 есе), Қарағанды (1,6 есе), Павлодар мен Қызылорда (1,5 есе) облыстарында, Астана (1,7 есе) мен Алматы (1,5 есе) қалаларында байқалды.

Құрылыс көлемінің төмендеуі 2004 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда Батыс Қазақстан (1,2 есе) облысында байқалды.

2005 жылғы қаңтар-шілдеде жалпы ауданы 2805,2 мың шаршы метр болатын 13280 үй, соның ішінде тұрғын үйге арналған – 2288,7 мың шаршы метр болатын 10938 үй салынды.

Тұрғын үй құрылысы

2005 жылғы қаңтар-шілдеде тұрғын үй құрылысына 104,3 млрд. теңге инвестиция жұмсалды, бұл 2004 жылғы қаңтар-шілдедегіден 1,7 есе артық. Меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдар және тұрғындар жалпы ауданы 2130,7 мың шаршы метр болатын 19,5 мың жаңа пәтер салды, бұл 2004 жылғы қаңтар-шілдедегі деңгейден 1,5 есе жоғары.

Тұрғын үйлердің жалпы ауданын пайдалануға беру

өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен



2005 жылғы қаңтар-шілдеде республиканың барлық өңірлерінде салынған тұрғын үйлер көлемі өткен жылғы қаңтар-шілдедегі деңгейден асып түсті. Мұның өзінде көлемнің едәуір өсуі Солтүстік Қазақстан (2,3 есе), Алматы (2,2 есе), Ақмола (2 есе), Қостанай (1,9 есе), Жамбыл (1,8 есе), Маңғыстау (1,7 есе) облыстарында және Астана қаласында (1,8 есе) байқалды.

Республикада іске қосылған тұрғын үй көлемінде Астана (14,6%) мен Алматы (13,7%) қалалары, Оңтүстік Қазақстан (15,4%), Алматы (10,5%) және Атырау (9,4%) облыстары ең жоғары үлес салмағына ие.

Республикада тұрғын үй құрылысын негізінен мемлекеттік емес сектор субъектілері жүзеге асыруда, оның едәуір үлесін халық алып отыр, олар тиісінше іске қосылған тұрғын үйдің жалпы көлемінің 87% және 67,5% салған.

Тұрғын үй құрылысының құны. 2005 жылғы қаңтар-шілдеде тұрғын үйлердің жалпы ауданының 1 шаршы метр құрылысының орташа құны 33,8 мың теңгені (2004 жылғы қаңтар-шілдеде – 26,1 мың теңге), соның ішінде халықтың салғаны – тиісінше, 21,6 мың теңгені және 14,2 мың теңгені құрады.

2.5 КӨЛІК

2005 жылдың қаңтар-шілдесінде республикадағы **жүк тасымалдау** көлемі (коммерциялық тасымалдаумен айналысатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасыған жүк көлемін бағалауды есепке алғанда) 1019,5 млн. тонна жүкті құрады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіндегі жүк тасымалдаудан 3,6% артық.

Республиканың темір жол көлігі ағымдағы жылдың қаңтар-шілдесі ішінде 124,8 млн. тонна жүк тасымалдады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіндегіден 3,4% жоғары.

Ағымдағы жылдың қаңтар-шілдесінде **автотасымал** (коммерциялық тасымалдаумен айналысатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасыған жүк көлемін бағалауды есепке алғанда) – 782,8 млн. тоннаны құрады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіндегіден 3,6% артық.

Магистралдық құбырмен ағымдағы жылғы қаңтар-шілдеде 111,5 млн. тонна жүк тасу жүзеге асырылды, бұл 2004 жылғы қаңтар-шілдесімен салыстырғанда 3,3% артық. Айдалған жүктің жалпы көлемінен мұнай және мұнай өнімдері 37,0 млн. тоннаны (өткен жылдың тиісті кезеңіне 106,1%), газ – 74,5 млн. тоннаны (102,0%) құрады.

Республикадағы **әуе жүк** тасымалы 2005 жылдың қаңтар-шілдесінде 10871 тоннаны құрады немесе өткен жылдың тиісті кезеңіне 101,9%.

2005 жылдың қаңтар-шілдесінде **өзен** көлігімен 385,7 мың тонна жүк тасылды, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіндегіден 29,6%-ға артық.

2005 жылдың қаңтар-шілдесінде республика көлігімен 5457,3 млн. жолаушы тасылды. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, троллейбуспен – 9,7%-ға, трамвайда – 0,1%-ға төмендесе, әуе көлігінде – 25,1%-ға, автобуспен – 1,2%-ға, таксимен – 0,7%-ға, темір жол көлігінде жолаушы тасымалдау – 18,1%-ға өскені байқалды.

Көлік түрлерінің үлес салмағы



2.6 БАЙЛАНЫС

2005 жылғы қаңтар-шілдеде жедел деректер бойынша республиканың байланыс кәсіпорындары 114,0 млрд. теңге сомада қызмет көрсетсе, одан халыққа көрсетілгені – 39,9 млрд. теңге, бұл 2004 жылдың қаңтар-шілдесіндегіге қарағанда салыстырмалы бағада тиісінше 23,2% және 25,2% артық.

2005 жылғы қаңтар-шілдеде байланыс қызметтерінен түскен табыстар құрылымында қалааралық байланыс 22,0%, сымсыз байланыс – 39,0%, жергілікті телефон байланысы – 8,7%, деректерді табыстау қызметтері мен телематикалық қызметтер – 6,1% (одан – Интернет – 4,6%), радиобайланыс, радиохабар тарату, телевизия – 3,8%, пошта – 2,3% алады. Табыстардың жалпы көлемінен 35,0% халыққа байланыс қызметтерін өткізуден алынған.

Ұялы байланыс аса серпінділікпен дамыды (2004 жылғы қаңтар-шілдесімен салыстырғанда 2005 жылғы қаңтар-шілдеде қызмет көлемі 55,4%-ға өсті), Интернеттен түскен табыс 1,8 есе, курьерлік байланыстан түскен табыс – 20,8%-ға өсті.

2005 жылдың қаңтар-шілдесінде байланыс қызметтерінен түскен табыстардың құрылымы

млн.теңге



2005 жылғы қаңтар-шілдеде халыққа байланыс қызметтерін көрсетуден түскен табыстардың жалпы көлемінен 41,8%-ды сымсыз байланыс қызметтерінен түскен табыс, 29,4%-ды қалааралық, халықаралық байланыс қызметтерінен түскен табыс, 15,1%-ды жергілікті телефон байланысы қызметтерінен түскен табыс, 3,8%-ды пошта және курьерлік байланыс қызметтерінен түскен табыс, 9,9%-ды байланыстың өзге де түрлері қызметтерінен түскен табыс құрады.

2005 жылдың қаңтар-шілдесінде халыққа көрсетілген байланыс қызметтерінен түскен табыстардың құрылымы

млн.теңге



2.7 САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТЕР

2005 жылдың қаңтар-шілдесінде бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 705,2 млрд. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда (тұрақты бағаларда) 11% өсті. 2005 жылдың шілдесінде тауар өткізу 113 млрд. теңгені құрады, бұл тұрақты бағалармен есептегенде 2004 жылғы шілдедегі деңгейден 12,5%, ал 2005 жылғы маусыммен салыстырғанда 5% жоғары.

2005 жылғы қаңтар-шілдедегі бөлшек сауда тауар айналымының көлемі бойынша өңірлерді топтастыру

2005 ж. қаңтар-шілдедегі көлемі, млрд. теңге	Облыстар, қалалар	Бөлшек сауда тауар айналымының жалпы көлеміндегі үлес салмағы (в %)
7,8-12,1	Маңғыстау, Жамбыл, Қызылорда, Ақмола, Атырау	7,3
13,2-20,2	Солтүстік Қазақстан, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Қостанай	9,7
27,5-39,1	Батыс Қазақстан, Павлодар, Астана қаласы	13,3
41,6-82,9	Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды	28,1
293,6	Алматы қаласы	41,6

Жыл басынан бері жеке меншік нысанындағы кәсіпорындардың тауарлар өткізуінен және жеке кәсіпкерлер саудасынан алынған айналым 698,5 млрд. теңгені (99%), басқа мемлекеттерден, олардың заңды тұлғалары мен азаматтарынан алынған айналым – 6,6 млрд. теңгені (1%) құрады. Республикадағы мемлекеттік сауданың үлесі өте аз.

Өткізу арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымының құрылымы

(жалпы көлемге %-бен)



Сонымен қатар, жеке кәсіпкерлердің бөлшек сауда өткізуінің бағалау көлемі бөлшек сауда тауар айналымының жалпы көлемінің 20,9% құрады.

Ағымдағы жылдың басынан бері республиканың көтерме сауда тауар айналымы 1167,5 млрд. теңгені құрады немесе 2004 жылдың тиісті кезеңіндегіден 6% көп болды. Мұндағы алынған тауар айналымының барлық көлемі мемлекеттік емес сектордың үлесінде.

2005 жылдың қаңтар-шілдесінде қоғамдық тамақтандырудың қызмет көрсету көлемі 19,5 млрд. теңгені құрады немесе өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 33,4% көп болды.

Ағымдағы жылдың қаңтар-шілдесінде мемлекеттік емес сектордың қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының айналымы 19,3 млрд. теңге сомасында болды, бұл кәсіпорындардың айналым көлемі қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсетудің жалпы айналымының 99% құрады. Қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсету саласында мемлекеттік меншік нысанындағы кәсіпорындардың үлесі мардымсыз (1%).

Талдау жасалған кезең ішінде техникалық қызмет көрсету және автомобильдерді, мотоциклдерді, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланатын заттарды жөндеу бойынша қызмет көрсету көлемі 4,6 млрд. теңгені құрады, олардың басым бөлігін жеке меншік нысанындағы кәсіпорындар ұсынады.

3. ШАҒЫН БИЗНЕС МОНИТОРИНГІ

Бұл бөлімде республикадағы шағын кәсіпкерліктің дамуының маңызды аспектілерін сипаттайтын шағын бизнес кәсіпорындарының (заңды тұлғалар), шаруа (фермер) қожалықтарының және жеке кәсіпкерлердің жедел есепті деректері берілген.

2005 жылдың 1 тамызына Статистикалық тіркелім деректері бойынша республикада 154,6 мыңға жуық шағын бизнес кәсіпорындары тіркелді, бұл көрсеткіш 2005 жылдың 1 шілдесімен салыстырғанда 0,8%-ға жоғары. Тіркелген кәсіпорындардың 72,9% жұмыс істеп тұрған болып табылды, яғни экономикалық қызметті жүзеге асырған немесе жүзеге асыруға мүмкіндігі барлар. 2005 жылдың шілдесінде 50,4 мың кәсіпорын белсенді жұмыс істеді (жұмыс істеп тұрғандар санының 44,7%).

Белсенді кәсіпорындардың көпшілігі (36,6%) саудаға; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдаланатын заттарды жөндеуге маманданады, өйткені қызметтің бұл түрі шағын бизнес кәсіпорындарында кеңінен таралған. Құрылыспен 15,5%, жылжымайтын мүлікпен операциялармен, кәсіпорындардың жалға беруімен және қызмет көрсетуімен 13,9%, өнеркәсіптік қызметпен 13,3% белсенді кәсіпорындар қамтылды, оның көпшілігі өңдеу өнеркәсібіне келеді (жалпы өнеркәсіп кәсіпорындары санының 89,2%).

Өңірлер бөлінісінде белсенді кәсіпорындардың басым көпшілігі Алматы қаласына (25,9%) және Астана қаласына (10,8%), сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан (9,6%) және Шығыс Қазақстан (7,5%) облыстарына келеді.

2005 жылдың 1 тамызына республиканың шағын бизнес кәсіпорындарында жұмыспен қамтылғандар саны есепті деректер бойынша 626,1 мың адам. Шағын бизнес кәсіпорындарында барлық жұмыспен қамтылғандардың 27,7% астамы саудаға; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдаланатын заттарды жөндеуге, құрылысқа – 19,7% және өнеркәсіпке – 15,2% келеді.

Өңірлер бөлінісінде жұмыспен қамтылғандардың көпшілігі Алматы қаласындағы (жалпы жұмыспен қамтылғандардың 22%) және Астана қаласындағы (9%), сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан (8,8%), Шығыс Қазақстан (8,1%) және Қарағанды (6,7%) облыстарындағы шағын бизнес кәсіпорындарына келеді.

2005 жылғы шілдедегі тауарлар шығару 90015,4 млн. теңгені құрады. Есептеу деректері бойынша жалпы өнімнің 44,1% жуығын құрылыс саласындағы, сауда; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдаланатын заттарды жөндеу (18,2%) және жылжымайтын мүлікпен операциялар, кәсіпорындардың жалға беруі және қызмет көрсетуі – (12%) шағын бизнес кәсіпорындары алды.

2005 жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша республикада 186,3 мыңнан астам шаруа (фермер) қожалықтары тіркелген, олар 2005 жылдың 1 шілдесіндегі деректермен салыстырғанда 2860 бірлікке көбейген. Жұмыс істеп тұрған шаруа (фермер) қожалықтарының саны 156 мың бірлікті құрады, бұл 2005 жылдың 1 шілдесіндегіден 2,5% жоғары. Шаруа (фермер) қожалықтарымен қамтылғандар саны 410,9 мың адамды құрайды.

2005 жылғы шағын бизнестің белсенді кәсіпорындардың серпіні

кезең басына, бірлік



4. СЫРТҚЫ САУДА

(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің деректері бойынша)

4.1 СЫРТҚЫ САУДА АЙНАЛЫМЫ

Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы кеден статистикасының деректері бойынша, ұйымдаспаған сауда есебінсіз, 2005 жылдың қаңтар-маусымында 21206,5 млн. АҚШ долларын құрады және өткен жылмен салыстырғанда 49,2%-ға өсті, соның ішінде экспорт - 13077,9 млн. АҚШ доллары болып, 53,1%-ға өсті, импорт (тасымалдауға және сақтандыруға байланысты шығыстарды есепке алғанда) - 8128,6 млн. АҚШ доллары болып, 43,4%-ға өсті.

Экспорттың тауарлық құрылымы

қорытындысына %-бен



Қазақстан өнімдерінің негізгі сатып алушылары Швейцария (17,6%), Италия (14%), Ресей Федерациясы (12,4%), Франция (10%), Қытай (9,7%), Нидерланды (3,2%), Израиль (2,6%), Иран (2,4%), Польша, АҚШ пен Виргин аралдары (2%-дан), Кипр мен Ирландия (1,7%-дан) Испания (1,6%) болып табылады.

Талдау кезеңі ішінде экспорттың жалпы көлеміндегі ТМД елдерінің үлесі 16,5% құрады (2004 жылдың қаңтар-маусымында - 23,2%).

Импорттың тауарлық құрылымы

қорытындысына %-бен



Инвестициялық тауарлар 2005 жылдың қаңтар-маусымында импорттың жалпы көлемінде 3852,5 млн. долларды немесе 47,4% құрады (2004 жылдың қаңтар-маусымында - 2566,0 млн. доллар немесе 45,3%).

2005 жылдың қаңтар-маусымында барлық импорттық жеткізілімдердің 44,7%-ы ТМД елдерінің ешісінде болды (2004 жылдың қаңтар-маусымында - 49,1%). Импорт өнімдерінің негізгі жеткізушілері Ресей Федерациясы (импорттың жалпы көлемінің - 36,3%), Германия (10%), АҚШ (7,2%), Қытай (6,4%), Украина (4,6%), Италия мен Жапония (3,6%-дан), Ұлыбритания (2,9%), Түркия (2,1%), Швеция (2%), Корей Республикасы (1,7%), Франция (1,6%), Өзбекстан (1,4%) болып табылады.

4.2 ТМД МЕМЛЕКЕТТЕРІМЕН СЫРТҚЫ САУДА

2005 жылдың қаңтар-маусымында ТМД елдерімен сыртқы сауда айналымы 5790,4 млн. АҚШ долларын құрады және 2004 жылдың қаңтар-маусымымен салыстырғанда 21,5%-ға өсті, соның ішінде экспорт - 2155,3 млн. доллар болып, 8,8%-ға өсті, импорт - 3635,1 млн. долларды құрап, 30,5%-ға өсті.

Жалпы тауар айналымындағы ТМД мемлекеттерінің үлесі 27,3% (2004 жылдың қаңтар-маусымында - 33,5%) құрады.

2005 жылдың қаңтар-маусымында ТМД мемлекеттеріне шығарылған экспорттың жалпы көлеміндегі минералдық өнімдердің үлес салмағы 61%-ды (2004 жылдың қаңтар-маусымында - 53%), азық-түлік тауарлары - 10% (19%), химиялық өнімдер - 13% (9%) құрады.

2005 жылдың қаңтар-маусымында ТМД елдерінен әкелінетін импорт көлеміндегі машиналардың, жабдықтардың, көлік құралдарының, аспаптар мен аппараттардың үлесі 27% (2004 жылдың қаңтар-маусымында - 29%), минералды өнімдер - 28% (28%), металлургиялық өнімдер - 19% (15%), химиялық тауарлар - 10% (12%) құрады.

ТМД елдері минералдық, химиялық және металлургиялық өнімдердің негізгі жеткізушілері болып табылады: 2005 жылдың қаңтар-маусымында осы елдерден әкелінетін минералдық ресурстардың көрсетілген тауарлардың жалпы импортындағы үлесі 92% (2004 жылдың қаңтар-маусымында - 92%), металлургиялық өнімдер - 54% (56%), азық-түлік тауарлары - 49% (47%), химиялық тауарлар - 40% (44%) құрады.

4.3 ӘЛЕМНІҢ БАСҚА ЕЛДЕРІМЕН СЫРТҚЫ САУДА

2005 жылдың қаңтар-маусымында әлемнің басқа елдерімен сыртқы сауда айналымы 15416,1 млн. АҚШ долларын құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 63,2%-ға өсті, соның ішінде экспорт - 10922,6 млн. АҚШ доллары болып, 66,5%-ға өсті, импорт - 4493,5 млн. АҚШ долларын құрап, 55,8%-ға өсті.

Әлемнің басқа елдеріне шығарылған экспорттың жалпы көлеміндегі минералды шикізаттың үлес салмағы 2005 жылдың қаңтар-маусымында 77% (2004 жылдың қаңтар-маусымында - 69%), металлургия өнеркәсібінің өнімдері - 17% (24%) құрады.

2005 жылдың қаңтар-маусымында әлемнің басқа елдерінен әкелінген импорт көлеміндегі машиналардың, жабдықтардың, көлік құралдарының, аспаптар мен аппараттардың үлесі 55% (2004 жылдың қаңтар-маусымында - 54%), азық-түлік тауарлары - 6% (8%), химия өнімдері - 12% (15%), металлургия өнеркәсібінің өнімдері - 13% (11%) құрады.

Елдің аса маңызды тауарларға қажеттілігін қамтамасыз етуде әлемнің басқа елдері үлкен роль атқарады: осы елдерден әкелінген машина жасау өнімдерінің көрсетілген тауарлардың жалпы импортындағы үлесі 2005 жылдың қаңтар-маусымында 72% (2004 жылдың қаңтар-маусымында - 66%), фармацевтикалық тауарлар - 84% (83%), киім - 83% (87%), азық-түлік тауарлары - 51% (53%) құрады.

5. ТАУАР РЫНОКТАРЫ

5.1 ӨНІМНІҢ (ТАУАРЛАРДЫҢ) ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІНІҢ РЕСУРСТАРЫ*

2005 жылдың қаңтар-маусымында республиканың экономикалық айналымына енгізілген отынның негізгі табиғи түрлерінің (мұнайдың, газ конденсатын қоса, табиғи газ бен тас көмірдің) жалпы ресурстары 85,6 млн тонна шартты отынды құрады, бұл 2004 жылғы қаңтар-маусымдағы деңгейден 3,9% жоғары. Республиканың табиғи отын ресурстарының құрамында мұнай, газ конденсатын қоса – 55,6%-ды, тас көмір – 30,0% және табиғи газ – 14,4% алады.

2005 жылдың қаңтар-маусымында отын-энергетикалық ресурс 36,2 млрд. кВт.с электр энергиясын (2004 жылдың қаңтар-маусымындағыдан 1,6% көп), 10,7 млрд. текше метр табиғи газды (6,8% аз), 27,4 млн. тонна шикі мұнайды (5,1% көп), 5,9 млн. тонна газ конденсатын (57,5% к?п), 40,3 млн. тонна көмірді (2,9% аз) құрады.

Республикада табиғи газ рыногының 46,6% өз өндірісінен және 53,4% импорттан қалыптасты. Мұнай мен көмірдің ресурстары негізінен республикада өндіру есебінен (ресурстардың жалпы көлемінен тиісінше 92% және 99,4%) қалыптасты.

2005 жылдың қаңтар-маусымында экспортқа 26,2 млн.тонна шикі мұнай, соның ішінде ТМД-дан тыс елдерге 25,9 млн.тонна (экспорттың жалпы көлемінің 98,9%) шығарылды.

2005 жылдың қаңтар-маусымында шикі мұнай экспортының көлемі мен бағасы



2005 жылдың қаңтар-маусымында өңдеуге түскен шикі мұнайдың көлемі 1,2 млн. тоннаны құрады (ресурстардың жалпы көлемінің 4,3%).

Мұнай өнімдерінің ресурстары негізінен (ресурстардың жалпы көлемінің 76,1%-ынан бастап –100%-ға дейін) елдің өз өндірісінен қалыптасады. Мұнай өнімдері рыногында олардың импорты орын алып отыр. Мәселен, 2005 жылдың қаңтар-маусымында ресурстардың жалпы көлеміндегі импорттың үлес салмағы: бензин – 23,9%, газойль – 9%, жағатын мазут – 6,5% болды.

Тұтыну тауарларының ресурстарын қалыптастыру біркелкі болмай отыр.

Яғни, азық-түлік тауарларын негізінен отандық өндірушілер өндіреді: мысалы, минералды сулар мен алкогольсіз сусындар ресурсының 93,4%-ын; макарон өнімдерінің - 88,2%, қанттың - 88,1%, алкоголь өнімдерінің - 85,0%, сүт өнімдерінің -74,8% республикада өндірілген өнімдер құрайды. Бұл қатарға жатпайтын дайындалған және консервіленген балық ресурстары, олардың көп бөлігі импорттың есебінен (ресурстардың жалпы көлемінің 56,4%) қалыптасты.

2005 жылдың қаңтар-маусымында жекелеген азық-түлік тауарлары бойынша ресурстарды және экспортты қалыртастыру құрылымы

пайызбен



Азық-түлік емес тауарлардың ресурстарын толықтыру оларды республикада өндірумен қатар басқа елдерден әкелу арқылы да жүргізіледі. Мысалы, кілем және кілем бұйымдарының импорты 2005 жылдың қаңтар-маусымында ресурстардың жалпы көлемінің 96,2%, кір жуатын машиналар – 78,7%, магнитофондар мен басқа да дыбыс жазатын аппаратуралар – 67,5% құрады.

5.2 ИМПОРТТЫ АЛМАСТЫРУ ТУРАЛЫ*

Импортты алмастыру бағдарламаларының шегінде қарастырылатын өндірістік-техникалық мақсаттағы кейбір өнім түрлерінің ресурстары оларды республикада өндіру есебінен (52,3%-дан 98,1%-ға дейін) қалыптасты. 2005 жылдың қаңтар-маусымында цемент өндіру ресурстардың жалпы көлемінің 87% алды. Бұл оларды ішкі рынокта өткізуді арттыруға едәуір дәрежеде мүмкіндік туғызады.

Тракторлардың (ресурстардың жалпы көлемінің – 100,0%), пневматикалық доңғалақтардың (96,5%-дан 96,7%-ға дейін), сұйықтық есептеуіштердің (92,4%), никель-кадмий аккумуляторлардың (82,0%), бояулар мен сырлардың (74,1%) ресурстары негізінен бұрынғыдай басқа елдердің импорты есебінен қалыптасуда.

Импорт жекелеген тұтыну тауарларының ресурстарын қалыптастырудың ажырамас бөлігі болып қалуда. Мәселен, 2005 жылдың қаңтар-маусымында 2004 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда шай мен кофенің (ресурстардың жалпы көлемінің – 58,2%), сабынның (75,3%), аяқ киімнің (87,4%), жуу құралдарының (96,9%) ресурстары басқа елдердің импорты есебінен қалыптастырылды.

2005 жылдың қаңтар-маусымында шоколадтың, қанттан жасалған кондитерлік өнімдердің отандық өндірісі 2004 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 25,8%-ға, кофе мен шай – 19,2%-ға өскені байқалады, талданып отырған кезеңде олардың ресурстарын қалыптастыру республикада өндіру есебінен, тиісінше 60,6%-ға, және 41,8%-ға, жүзеге асырылды.

Республиканың тұтыну рыногында сабынды, жуу құралдарын, кардамен таралған және тарақпен таралған жүннен тоқылған маталарды негізінен Ресей (импорттың жалпы көлемінің 53,6%-80,0%), аяқ киімді Қытай мен Ресей (тиісінше 84,0% және 11,5%) өндірушілері ұсынған.

**Бұл бөлім бойынша кестелік материал "Өнімдер (тауарлар) мен шикізаттың жекелеген түрлерінің ресурстары және пайдалану" бюллетенінде берілген*

6. ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Қаржы емес активтерге инвестициялар

2005 жылғы қаңтар – шілдеде қаржы емес активтерге жұмсалған инвестициялардың бағалау көлемі (материалдық айналым қаражатының қорларын толықтыруға салынатын инвестицияларсыз) 1027,5 млрд. теңгені құрады, оның 96,6% негізгі капиталға жұмсалған инвестицияларға келеді.

Негізгі капиталға инвестициялар

2005 жылғы қаңтар - шілдеде негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар 992,6 млрд. теңге болды, бұл 2004 жылғы тиісті кезеңдегіден 1,5 есе көп.

2005 жылғы қаңтар - шілдеде инвестицияның өсуі өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда республиканың 14 өңірінде байқалды. Мұның өзінде ең көп өсуі Атырау(1,8 есе), Қарағанды (1,7 есе), Оңтүстік Қазақстан (1,6 есе), Солтүстік Қазақстан (1,5 есе), Алматы (1,4 есе), Шығыс Қазақстан, Ақтөбе (1,3 есе), Павлодар, Маңғыстау(1,2 есе), Қызылорда (11,5%), Қостанай, Ақмола (1-6%) облыстарында, Алматы (12,8%) және Астана (10,4%) қалаларында байқалды.

2004 жылғы қаңтар - шілдемен салыстырғанда инвестиция көлемінің төмендеуі Батыс Қазақстан (1,8 есе), Жамбыл (1,2 есе) облыстарында байқалды.

2005 жылғы қаңтар – шілдеде шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншікті қаражаттары (58,8%) және шетел инвестициялары (26,4%) негізгі капиталға қаражат салудың негізгі көздері болып табылды. Бюджеттік қаражаттар 11%, қарыз қаражаттары 3,8% құрады.

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың негізгі көлемін жеке меншік нысанындағы кәсіпорындар және ұйымдар (60%), сондай-ақ қызметін Қазақстан Республикасы аумағында жүзеге асыратын басқа мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері (28,2%) игерді. Мемлекеттік сектор үлесі 11,8% құрады.

Мұнай және табиғи газ өндіру - негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың жалпы көлемінен 37,1%, жылжымайтын мүлікпен операциялар – 22,5% (геологиялық барлау және инженерлік ізденіс жұмыстары есебінен), көлік және байланыс – 12,3%, өңдеу өнеркәсібі – 10,9% басым салалар болып табылады.

Шетел инвестицияларының жалпыреспубликалық көлемінің қомақты үлесі Атырау (72,8%), Қарағанды (8,4%), Ақтөбе (7,5%) облыстарында игерілді.

Негізгі қаражаттарды құру және жетілдіру үшін жұмыстар мен шығындар түрлеріне байланысты негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар құрамы төменде келтірілген.

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың технологиялық құрылымы

пайызбен



7. БАҒА

7.1 ТҰТЫНУ БАҒАЛАРЫ

2005 жылдың шілдесінде республиканың **тұтыну рыногында** тауарлар мен қызмет көрсету бағасы 2004 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 4%-ға, өткен аймен салыстырғанда – 0,5%-ға өсті. Жыл басынан бергі кезеңде тамақ өнімдерінің 4,7%-ға қымбаттауы инфляцияға едәуір – 2,3%, ал ақылы қызмет көрсетуге тиісінше – 4% және 1,1%, азық-түлік емес тауарларға – 2,5% және 0,6% үлес әкелді. Ағымдағы жылдың жеті айында базалық инфляция (көкөніс пен жеміс, көмір мен бензин бағаларының көтерілуін есепке алмағанда) 3,1%, шілдеде – 0,7% болды.

Ағымдағы жылдың шілдесінде **азық-түлік тауарларының** бағасы 0,1%-ға көтерілді. Қант бағасының едәуір – 7,3% өсімі тіркелді, бұл оған сұраныстың артуымен байланысты болды. Ет өнімдерінің бағасы 0,6%-ға, нан өнімдерінің бағасы – 0,2%-ға өсті. Жемістер мен көкөністер бағасының 3,1%-ға, жұмыртқа бағасының – 1,9%-ға, сүт өнімдері – 0,8%-ға және мал майы бағасының – 0,5%-ға төмендеуі оларды өндіру мен өткізудің маусымдық факторымен байланысты.

2005 жылы азық-түлік тауарлары бағаларының өзгеруі

өткен айға пайызбен, өсуі +, төмендеуі -



Күнкөрістің ең төменгі шамасы халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы негізгі тамақ өнімдерінің ең төменгі тұтыну мөлшерінен есептеп шығарғанда ағымдағы жылдың шілдесінде 2004 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 8,4%-ға, ал өткен аймен салыстырғанда – 2,2%-ға төмендеп 6116 теңгені құрады (тамақ өнімдері – 4281 теңге, азық-түлік емес тауарлар және ақылы қызмет көрсету – 1835 теңге). Ағымдағы жылдың шілдесінде оның құрылымындағы ет пен балық сатып алуға жұмсалған шығыстардың үлесі 23,3%, сүт, тоңмай өнімдері мен жұмыртқа – 16,8%, көкөністер мен жемістер – 14,4%, нан өнімдері – 11,2%, қант, шай және дәмдеуіштер – 4,3% болды.

Ағымдағы жылдың шілдесінде **азық-түлік емес тауарлар** рыногында баға 0,4%-ға өсті. Құрылыс материалының бағасы 1,4%-ға және бензин – 1%-ға едәуір өсті. Кітаптар мен газеттер 0,5%-ға, киім мен аяқкиім бағасы – 0,4%-ға, үй тұрмысында пайдаланатын заттар, жеке гигиена тауарлары – 0,3%-дан жоғары болды.

Өткен айда **ақылы қызмет көрсету** бағасының өсімі 1,2% құрады, бұл баллондарда өткізілетін газдың қымбаттауымен (17,6%-ға) және оның ішкі рынокқа жеткізудің қысқаруымен байланысты болды. Жолаушылар көлігі және білім беру мекемелері қызметінің бағасы 0,3%-дан, мәдениет – 0,5%-ға, денсаулық сақтау, мейрамханалар мен қонақ үйлерде – 1%-дан өсті.

Ағымдағы жылдың шілдесінде халықтың табысы ең төмен топтарына арналған тұтыну бағаларының индексі 2004 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 104,4%, табысы ең көп топтарына – 103,9%, ал өткен айға қарағанда тиісінше – 100,5% және 100,4 % болды.

2005 жылдың шілдесінде тұтыну тауарлары мен қызметтері бағаларының өсімі 2004 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда он өңірде 3,3-3,8%, бесеуінде – 3,9%-4,6%, біреуінде – 5,4% құрады.

7.2 ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНДАҒЫ БАҒАЛАР

Өндірістік сипаттағы қызметтерді қоса есептегенде өнеркәсіп өнімдерін өндіруші-кәсіпорындардың бағалары ағымдағы жылдың шілдесінде маусыммен салыстырғанда 6%-ға, 2004 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда – 17,9%-ға көтерілді. Өндірілген өнім ай ішінде 6,6%-ға қымбаттады, өндірістік сипаттағы қызметтер 0,3%-ға арзандады. Түпкілікті мақсат бойынша сыныпталған өнімдердің тобындағы аралық тұтынатын тауарлардың бағасы – 7,5%-ға өсті, тұтыну тауарлары – 0,4%-ға өсті, өндіріс құралдары – 0,7%-ға төмендеді.

Өткен айда өнеркәсіптегі бағалардың деңгейіне энергоресурстардың 9,4%-ға қымбаттауы анық ықпал етті. Сыртқы рыноктағы мұнай бағасының тез өсуі республикада оны өндіру бағасының 11,2%-ға бұдан ары көтерілуіне ықпал етті. Ең көп деңгейде олар алыс шетелге шығарылатын мұнайға – 15,2%-ға өссе, республика ішінде – тек қана 1,7%-ға өсті, ал Достастық мемлекеттерінде өзгерген жоқ. Газ конденсаты бір ай ішінде15,2%-ға, табиғи газ - 1,8%-ға, көмір – 0,4%-ға қымбаттады, ол осы тауарларға әлемдік бағаның көтерілуіне байланысты болды. Мұнаймен рыноктың толығуына байланысты мұнай өнімдеріне оны өндірушілердің бағасы бұрынғы қалпында қалды. Өткен айда кен өндіру өнеркәсібіндегі бағаның жалпы деңгейі 9,2%-ға өсті, ол оның алдындағымен салыстырғанда 7,5 пайыздық пунктке көп.

2004 және 2005 жылдардың шілдесіндегі өндіруші-кәсіпорындардың жекелеген энергоресурстар түрлеріне бағаның өзгеруі

өткен жылдың желтоқсанына пайызбен, өсуі+, кемуі



Өнеркәсіп өндірісінде бағаның қалыптасуындағы ең маңызды фактор олардың металға өзгеруі болып қалады. Өткен айда металлургия өнеркәсібінде баға 6,3%-ға (маусымда – 2,6% төмен болған), қара металл илегі – 16,9%-ға (5,7%-ға), түсті металл – 2,6-ға (1,4%-ға) көтерілді, ол сыртқы рыноктағы соған ұқсас қозғалыстарға байланысты. Мыс 4,8%-ға, қымбат металлдар – 2%-ға, мырыш –0,8%-ға, қорғасын – 0,4%-ға қымбаттады. Резина және пластмасса бұйымдарын өндіру кезінде олардың бағасының қайтадан 1,4%-ға өскені белгіленген, ол осы тауарларды дайындау кезінде пайдаланылатын ресурстардың 1,1%-ға қымбаттауынан туындаған. Өнеркәсіптің тоқыма, былғары және ағаш өңдеу салаларындағы баға өзгеріссіз қалды.

Өткен айда республикада өндірілген тамақ өнімдерінің бағасы 0,2%-ға көтерілді (ағымдағы жылдың маусымында – 0,8%). Олардың өсуі мал етіне 3,8-ға, құс – 3,4%-ға тіркелген. Қант шикізаты 1,5%-ға қымбаттады, жаз кезінде қантқа сұраныстың өсуі оның бағасының 0,8%-ға көтерілуіне себепкер болды. Ағымдағы жылдың бірінші жарты жылдығында өсімдік майының бағасы 1,2%-ға төмендеген болатын, ал өткен айда олардың өсуі 1%-ға тіркелген, ол оған сатып алушылар сұранысының өсуіне байланысты. Ағымдағы жылдың маусымындағы сияқты жарма 3,2%-ға, бидай ұны – 1%-ға, макарон өнімдері – 0,6%-ға арзандады, нан қайтадан 0,2%-ға қымбаттады.

Бақылаудағы өндірістік сипаттағы қызметтердің өткен айда тарифтерінің төмендеуі, тұтынушыларды ыстық сумен жабдықтау кезінде– 0,3%-ға және құбырлар арқылы газ тәріздес отынды бөлу – 0,1%-ға белгіленген, ал қалған түрлеріне олардың бағасы бұрынғы деңгейде сақталды.

Технологиялық процесс үшін өнеркәсіп кәсіпорындарымен сатып алынған өндірістік ресурстардың баға индексі, ағымдағы жылдың шілдесінде маусыммен салыстырғанда 100,2%-ды құрады, 2004ж.желтоқсанда – 102,2%. Ай ішінде республикада сатып алынған шикізат пен материалдың бағасы 0,6%-ға, алыс шетелде - 1,7%-ға өсті, ал жақын шетелде, керісінше 2,4%-ға кеміді.

Шетелге шығарылатын тауарлардың бағасы, ағымдағы жылғы маусымда мамырмен салыстырғанда 1%-ға төмендеді, 2004ж.желтоқсанмен салыстырғанда – 15,2%-ға өсті. Республикадан жақын шетелге шығарылған өнім ай ішінде 1,3%-ға, алыс шетелге –0,9%-ға арзандады. Өңдеу сатылары бойынша сыныпталған экспортқа шығарылатын өнімдердің топтарынан шикізаттың бағасы 1,3%-ға, жартылай фабрикаттар - 0,3%-ға кеміді, дайын тауарлар – 0,4%-ға өсті. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы мамырдағы сияқты 2,3%-ға, көкөніс – 13,7%-ға, бидай –4,7%-ға төмендеді, күріш – 5,7%-ға, сұлы – 6,6%-ға, жүн – 10,3%-ға көтерілді. Минералды өнімдердің бағасы 1,1%-ға, соған ұқсас өзгеру есебінен газ конденсаты 5,6%-ға және мұнай –1,5%-ға төмендеді, бір мезгілде мұнай өнімдері 4,8%-ға және металл кендері – 3,2-ға көтерілді. Сондай-ақ экспорттық жеткізілім бағасының өсуі қымбат металдарға 4,9%-ға және қара металл илегі - 2,4%-ға тіркелген.

Қазақстанға әкелінетін өнімдер бағасының индексі ағымдағы жылдың маусымында мамырмен салыстырғанда 100,5%-ды құрады, 2004ж. желтоқсанында – 105,3%, Достастық мемлекеттерінде – тиісінше, 100,2% және 104,1%, қалған әлем елдерінде – 101,1% және 107,1%. Импортқа шығарылатын минералды өнімдердің бағасы 4,1%-ға, мұнай – 15%-ға, қайта өңделген өнімдер – 2%-ға, табиғи газ – 1,2%-ға өсті. Олардың көтерілуі сондай-ақ республикаға әкелінген дайын тағам өнімдері мен аяқ киімдерге – 3%-дан, жай металдар – 2,7-ға, төмендеуі – сүрек 10,3%-ға және қағаз – 5,9%-ға белгіленген.

Ағымдағы жылдың шілдесінде **ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу бағасының индексі** өткен аймен салыстырғанда 99,6% (өткен жылдың осы кезеңінде - 100%), жыл басынан бері - 100,6% (103,9%) құрады.

Ағымдағы жылдың өткен айында өсімдік шаруашылығы өнімдері бағасының 0,3%-ға төмендеуі дәнді дақылдардың осындай шамада және көкөністердің 1,1%-ға арзандауымен байланысты. Көкөністердің ішінен парниктік өнімдер бағасы едәуір төмендеді: қияр - 22,1%, қызанақ – 15,5%. Бір ай ішінде қырыққабат – 1,3%-ға, сәбіз – 0,4%-ға арзандады, ал картоп, қызылша мен басты пияздың бағалары өзгерген жоқ. Күнбағыс тұқымы бағасының өсімі 0,3%, жеміс дақылдары – 0,7% құрады.

Өткен айда сүт пен жұмыртқаның тиісінше 5,3% және 3,1%-ға маусымдық арзандауымен байланысты мал шаруашылығы өнімдерінің бағасы 0,5%-ға төмендеді. Мал мен құс еті қайтадан 1,2%-ға, ал ірі қара мал мен шошқа еті -1,4%-1,5%-ға, құс еті – 1,3%-ға, жылқы еті - 1%-ға, қой еті – 0,6%-ға жоғары болды.

Ағымдағы жылдың шілдесінде **құрылыс өндірісіндегі** баға өсімі маусымға қарағанда 0,4% (өткен жылдың тиісті кезеңінде – 0,6%), ағымдағы жылдың қаңтар-шілдесінде – 3,6% (2,6%) құрады. Құрылыс-монтаж жұмыстары мен технологиялық жабдық бағасы –0,5%-дан, өзге жұмыстар бағасы мен шығындар өзгерген жоқ.

2005 жылы құрылыстағы баға индексі

өткен айға пайызбен



Өткен айда құрылыс ұйымдары сатып алған материалдар, бөлшектер мен конструкциялар 0,4%-ға, ал портландцемент - 6,5%-ға, қиыршық тас, қыш кірпіш пен құрылыс ерітіндісі – 2-2,2%-ға, тауарлық бетон - 1,6%-ға қымбаттады. Терезенің табақты әйнегі 0,7%-ға, болат және шойын конструкциялар, қыштан жасалған санитарлық-техникалық бұйымдар – 0,2-0,3%-ға арзандады.

Ағымдағы жылдың шілдесінде өткен аймен салыстырғанда **көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау тарифтері** 0,1%-ға, 2004 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 0,6% өсті.

Өткен айда құбырмен тасымалдау және автожол көлігінің қызметі 0,2%-дан жоғары болды (ағымдағы жылдың қаңтар-шілдесінде – тиісінше, 1,3% және 1,4%-ға), ал әуемен, теміржолмен және өзен көлігі түрлерімен жүк тасымалдау тарифтері өзгеріссіз қалды.

8. ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

8.1 МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бюджетінің орындалуы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті. ҚР Қаржы министрлігінің жедел деректеріне сәйкес **2005 жылдың 1 шілдесіне** табыс көлемі 861,7 млрд. теңгені құрады (2004 жылдың 1 шілдесіне – 621,1 млрд. теңге), шығындар – 691,6 млрд. теңге (2004 жылдың 1 шілдесіне 585,9 млрд. теңге), операциялық сальдо – 170,1 млрд. теңгені құрады. Бюджеттік таза кредит беруге - 1,8 млрд. теңгеден, ал қаржы активтерінің операция бойынша сальдосына - 74,1 млрд. теңгеден келді. Бюджет профициті 94,2 млрд. теңге деңгейінде анықталды. 2004 жылдың тиісті кезең көрсеткіштерімен салыстырғанда табыс көлемі бойынша деректер - 38,7%-ға, ал шығындар – 18%-ға өсті.

2005 жылдың 1 шілдесіне табыс жылдың нақтыланған бюджетіне қатынасы бойынша 55%, мемлекеттік бюджет шығындары – 42,8% орындалды.

Салық түсімдері құрылымында негізгі үлес корпоративтік табыс салығына – 34,4% (283,8 млрд. теңге) және ҚҚС (қосымша құн салығына) – 19,5% (160,6 млрд. теңге) келеді. Көрсетілген салықтар бойынша 2004 жылдың тиісті кезеңіндегіден тиісінше 88,6% және 30,9% асатын түсімдердің ең көп өсімі байқалады.

Бюджеттің барлық шығындар көлемінен әлеуметтік қызмет көрсетуге 53,8%, жалпы мемлекеттік қызмет көрсетуге және қорғанысқа – 20,4% келеді. Төменде 2005 жылдың 1 шілдесіне мемлекеттік бюджет шығындарының құрылымы келтірілген:



2005 жылдың 1 шілдесіне мемлекеттік бюджет тапшылығын қаржыландырудың (профицитін пайдаланудың) жалпы көлемі 94,2 млрд. теңгені, одан ішкі түсім 105 млрд. теңгені құрады. Бюджетті қаржыландыруға 133 млрд. теңге бюджет қаражаттарының бос қалдықтары пайдаланылды.

2005 жылдың 1 шілдесіне республикалық бюджетке түскен табыс көлемі – 695,1 млрд. теңге болды, бұл 2004 жылдың тиісті кезеңінің деңгейінен 48% артық (469,8 млрд. теңге).

2004 жылдың тиісті кезеңімен (464,1 млрд теңге) салыстырғанда шығындар 13,1% өсіп, 525 млрд. теңгені құрады. Операциялық сальдо 170,1 млрд. теңгені, бюджеттік таза кредит беру 30,2 млрд. теңгені, қаржы активтерінің операция бойынша сальдосы – 72,5 млрд. теңгені құрады. Бюджет профициті 67,4 млрд. теңге деңгейінде қалыптасты.

Есепті кезеңде республикалық бюджет табысының 90%-ын салықтар, 2,8%-ын - салықтан тыс табыс, 7,2%-ын - ресми трансферттер құрады.

Шығындардың негізгі бөлігі әлеуметтік салаға – 38,2% (200,6 млрд. теңге) және өндірістік салаға – 17,5% (91,7 млрд. теңге) келеді.

Жергілікті бюджетке осы кезең ішінде түскен табыс 344,4 млрд. теңгені құрады, бұл 2004 жылдың тиісті кезеңі деңгейінен 17,5% артық (293,1 млрд. теңге), шығындар – 342,7 млрд. теңге, 27,4% (2004 жылдың 1 шілдесіне 268,9 млрд. теңге). Операциялық сальдо – 1,7 млрд. теңгені, бюджеттік таза кредит беру -1 млрд. теңгені, қаржы активтерінің операция бойынша сальдосы – 1,6 млрд. теңгені құрады. Бюджет профициті 1,1 млрд. теңге деңгейінде анықталды.

Жекешелендіру

(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің деректері бойынша)

Тұтастай алғанда республика бойынша 2005 жылдың 2 тоқсанында мемлекеттік бюджетке жекешелендіру объектілерінен сатылған және сатып алынған 2208,3 млн.теңге, соның ішінде: республикалық бюджетке 2208,3 млн. теңге түсті;

2005 жылдың 2 тоқсанында мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті және оның облыстық бөлімшелері мемлекеттік мүліктің 611 объектісін сатты, одан 7 бірлік немесе жекешелендірілген обьектілердің санынан (1,1%) мемлекеттік пакет акцияларын және қатысудың мемлекеттік үлесін құрады, 6 бірлік (1%) – мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің бөлімшелері мен құрылымдық бірліктері мүліктік кешендері және 598 бірлік, немесе (97,9%) - "өзге мемлекеттік мүліктер", оған мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің, жылжымайтын мүлік және әлеуметтік сала обьектілерінің акционерлік қоғамдар, шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталына кірмейтін, бірақ олардың теңгерімінде тұрған айналымнан тыс активтердің жекелеген түрлері кіреді.

Мемлекеттік мүлік түрлері бойынша жекешелендірілген обьектілерді бөлу диаграммада көрсетілген (нақты сатылған обьектілердің жалпы санына пайызбен):



1.акционерлік қоғамдардың мемлекеттік пакет акциялары және шаруашылық серіктестердің жарғылық капиталдағы үлесі

2. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер мүліктік кешендер ретінде, өндірістік емес бөлімшелер және мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің құрылымдық бірліктері мүліктік кешендер ретінде оларды жекешелндіру тұйық технологиялық кезеңді бұзбайды

3. өзге мемлекеттік мүлік (машиналар, жабдық, көлік құралдары, жылжымайтын мұлік пен аяқталмаған құрылыс объетілері)

2005 жылдың 2 тоқсанында сатылған обьектілердің жалпы санының барлығы мемлекеттік меншік болып табылды. 2005 жылғы 2 тоқсандағы мемлекеттік обьектілердің экономикалық қызмет түрлері арасынан 1 бірлік саудаға (1 обьектінің сату бағасы 10 мың теңгені құрайды), 1 бірлік кен өндіру қнеркәсібінде (1 объектінің сату бағасы 1500 млн. теңге), 2 бірлік өңдеу өнеркәсібінде (1 объектінің сату бағасы 1335 млн. теңге) және 3 бірлік өзгелерге (1 обьект 64,5 млн.теңге) жатады.

2005 жылдың 2 тоқсанында республикалық меншік обьектілерінің ең көбі Астана қаласында (65 объект және 1 объектінің орташа сату бағасы - 411,3 мың теңгені құрады) және Шығыс Қазақстан (85 объект және 1 объектінің орташа сату бағасы - 212,3 мың теңге), Қарағанды (42 объект және 1 обьектінің орташа сату бағасы - 1518,4 мың теңге), Ақмола (54 объект және 1 обьектінің орташа сату бағасы - 936,3) облыстарында жекешелендірілді.

Объектілерді жекешелендіру аукциондар (қатысушылар өздерінің ұсыныстарын көпшілік алдында жариялайтын сауда-саттық түрі), тендерлер (қатысушылар өздерінің ұсыныстарын жазбаша жабық конвертте немесе сатушының қалауы бойынша көпшілік алдында жариялайтын сауда-саттық түрі), тікелей атаулы сату арқылы (обьектілер тендерлік негізде жалға немесе кейіннен сатып алу құқығына ие болатын сенімгерлік басқаруға берілетін жекешелендіру түрі) және қор биржасы арқылы (ұйымдастырылған бағалы қағаздардың жұмыс істейтін рыногі) жүзеге асырылды.

2005 жылғы 2 тоқсанда кәсіпорындардың ең көп саны ашық ағылшын әдісімен (бастапқы бағасы көтерілген) аукциондары арқылы 43,6%-ға немесе есепті кезеңде өткізілгендер санынан 261 объект сатылды; голландық әдісімен (сату барысында бастапқы баға жарияланған адыммен төмендетіледі) 54,8%-ға немесе 328 объектіге сонымен бірге обьектілерді сатудың голландық әдісі обьектілер сатудың ағылшын әдісіне қарағанда 11,2 пайыздық пунктке асып түседі.

2005 жылғы 2 тоқсанда “өзгелері” санаттарына жататын 94,8% объект сатылды (жылжымайтын мүлік, аяқталмаған құрылыс обьектілері, жеке машиналар, жабдық, көлік құралдары). Сонымен бірге 53,2% объект сауда-саттықтың голландық әдісі арқылы сатылды (бастапқы бағасы төмендетілген), бұл ең алдымен сатуға қойылған “өзге объектілердің” көпшілігінің тартымсыздығымен байланысты.

8.2 КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІ

Ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы қызметі

2005 жылғы маусымның жедел деректеріне 1090 ірі және 3446 орта кәсіпорындардың (ұйымдардың) көрсеткіштері енгізілді. Есеп берген субъектілердің сальдоланған қаржы нәтижесі 131,4 млрд. теңге табыс ретінде анықталды (115,7 млрд. теңге), бұл көрсеткіш 2004 жылдың тиісті кезеңінің деңгейінен 13,6% артық. 2005 жылдың маусымында кәсіпорындар мен ұйымдардың пайдалылығы тұтастай алғанда 29,8% болды. Есепті айда жиынтықты кірістің негізгі бөлігі кен өндіру өнеркәсібі есебінен 61,9% немесе 81,4 млрд. теңгеде қалыптасты, соның ішінде шикі мұнай мен табиғи газ өндіретін кәсіпорындарда 91,3% немесе 74,3 млрд. теңге. Өңдеу өнеркәсібінің үлесі – 23,7% (31,2 млрд теңге), құрылыс үлесі – 4,6% (6,1 млрд.теңге) болды. 2004 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда оң қаржы нәтижелері кен өндіру өнеркәсібінде 47,5% (55,2 млрд. теңге), құрылыста 5,1 есе (1,2 млрд. теңге) өскені байқалады.

Өңірлер бойынша табыстың жалпы нәтижесінен ең көп сомасы Атырау облысына – 25,9 млрд. теңгеден (19,7%), Қарағанды облысына – 15,1 млрд. теңгеден (11,5%), Ақтөбе облысына – 26,3 млрд. теңгеден (20%), Маңғыстау облысына – 16 млрд. теңгеден (12,2%) келеді.

2005 жылдың маусымында есеп берген субъектілердің жалпы санының 38,2% (1734 бірлігі) 33,2 млрд. теңге сомада залал келді. Залалдың жоғары деңгейі шаруашылық серіктесінде байқалады оларға барлық залал көлемінен 46,4% (15,4 млрд. теңге) келеді.

Экономиканың өнеркәсіп секторы үлесіне залалдың жалпы көлемінен 31,9% немесе 10,6 млрд. теңгеден келеді. Бұл саладағы 518 залалды кәсіпорынның электр энергиясын, газ бен суды өндіру және бөлу бойынша 169 кәсіпорын үлесіне экономиканың осы секторы көлемінен 41,5% немесе 4,4 млрд. теңге залал және өңдеу өнеркәсібінің 301 субъектісіне 37,7% немесе 4 млрд. теңге залал келді. Залалды кәсіпорындардың (ұйымдардың) ең көп үлес салмағы Ақмола облысында – 58,2% (347 есеп берген кәсіпорынның – 202-і), Солтүстік Қазақстан облысында – 54,2% (240 есеп берген кәсіпорынның – 130-ы), Шығыс Қазақстан облысында – 40,8% (365 есеп берген кәсіпорыннның –149-ы), Қостанай облысында – 42% (350 есеп берген кәсіпорынның – 147-і) белгіленді.

Орта және ірі кәсіпорындар мен ұйымдардың өзара есеп айырысу жайы

2005 жылдың 1 шілдесіне міндеттемелер бойынша берешектің жиынтық көлемі – 4321,6 млрд. теңге, одан міндеттеме бойынша мерзімі өткен берешектің үлесі – 3,2% (136,3 млрд. теңге) құрады. 2004 жылдың 1 шілдесіндегі деректермен салыстырғанда (3326,5 млрд. теңге) міндеттемелер көлемі 29,9% немесе 995,1 млрд. теңгеге ұлғайды, оның мерзімі өткен бөлігі 20,6% немесе 35,4 млрд. теңгеге кеміді (2004 жылдың 1 шілдесіне – 171,7 млрд. теңге). Міндеттемелер құрамында негізгі үлеске ие жеткізушілермен және мердігерлермен есеп айырысу – 18,2%, банктердің қарыздары – 20,4%. Өнеркәсіп салаларында жалпы міндеттемелер көлемінің 55,8% (2412,2 млрд. теңге) және барлық мерзімі өткен міндеттемелер сомасынан 68,1% (92,8 млрд. теңге) шоғырланған.

2005 жылдың 1 шілдесіне өңірлер бойынша міндеттемелер бойынша берешектің ең көп үлесі - Атырау облысына – 22,4% (966,5 млрд. теңге), Алматы қаласына – 19,2% (830,7 млрд. теңге), Астана қаласына – 20,4% (883,2 млрд. теңге) келеді.

2005 жылдың 1 шілдесіне жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысы бойынша мерзімі өткен берешек жалпы жалақы бойынша берешектің (41,1 млрд. теңге) 5,8%-ын (2,4 млрд. теңге) құрады, оның 50% (1,2 млрд. теңгесі) ұзақтығы 3 айдан көп берешек.

Өңірлер бойынша жалақы бойынша берешектің аса көп үлесі - Маңғыстау облысына – 16,7% (27 бірлікте 0,4 млрд. теңге), Қарағанды облысына 16,7% (32 бірлікте 0,4 млрд. теңге) және Оңтүстік Қазақстан облысына – 12,5% (25 бірлікте 0,3 млрд. теңге) келеді.

Тұтастай алғанда кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша дебиторлық берешек – 2004 жылдың 1 шілдесіндегі деректермен (1568,6 млрд. теңге) салыстырғанда 37,1% өсіп 2150,5 млрд. теңгені құрады, одан мерзімі өткендері – 119,1 млрд. теңге немесе жалпы сомадан 5,5%. 2004 жылдың 1 шілдесіндегі деректермен салыстырғанда мерзімі өткен берешектің бөлігі 19,5% (99,7 млрд. теңгеге) өсті.

2005 жылдың 1 шілдесіне дебиторлық берешектің құрылымындағы негізгі көлемін- 42,2% (908,5 млрд. теңге) - сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің берешегі алады. Мерзімі өткен дебиторлық берешектің жалпы көлемінің 51,1% (60,9 млрд. теңге) сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің үлесіне тиеді.

8.3 АҚША-КРЕДИТ ЖҮЙЕСІ*

Банк статистикасы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2005 жылдың 1 шілдесіне ақша жиынының көлемі (М3) 1833,3 млрд. теңгені құрады (2004 жылдың 1 шілдесіне – 1200,3 млрд. теңге), соның ішінде айналыстағы қолма-қол ақша (М0) – 389,5 млрд. теңге (2004 жылдың 1 шілдесіне – 281,5 млрд. теңге) болды. М3 көрсеткіші 2004 жылғы маусымының аяғындағы деректермен салыстырғанда 52,7%-ға, 2005 жылдың 1 маусымындағы көрсеткіштермен салыстырғанда 3%-ға өсті.

Ақша жиынының жалпы көлеміндегі қолма-қол ақша үлесі 2005 жылғы маусымның соңында 21,2% құрап, өткен кезеңмен салыстырғанда 0,5 пайыздық пунктке кеміді. 2005 жылдың 1 шілдесіне ақша қорының (резервтегі ақшаның) жалпы көлемі 550,6 млрд. теңгені құрады және өткен кезеңмен салыстырғанда 0,1%-ға өсті.

Депозиттік ұйымдардағы депозиттер (резидент еместердің шоттарын есепке алмағанда) 2005 жылдың 1 шілдесіне 1443,9 млрд. теңгені (2004 жылдың 1 шілдесіне – 939,2 млрд. теңге) құрап, 2004 жылғы маусымның аяғындағы деректер деңгейінен – 53,7%-ға асып, 2005 жылдың 1 маусымындағы көрсеткіштен 3,6%-ға өсті.

Депозиттердің жалпы көлеміндегі 34,8%-ды немесе 502,3 млрд. теңгені халық салымдары алып отыр, бұл 2004 жылдың 1 шілдесіндегі деректермен салыстырғанда (382,6 млрд. теңге) 31,3% құрады. 2005 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша халық депозиттері (салымдары) 2005 жылдың 1 маусымындағы деректермен салыстырғанда (490,7 млрд. теңге) 2,4%-ға өсті, соның ішінде ұлттық валютада – 2,7%-ға кеміді, шетел валютасында 9,4%-ға өсті. Халық депозиттерінің жалпы көлеміндегі ең көп үлесі ұлттық валютадағы салымдарға – 55,5% (278,6 млрд. теңге) келеді.

Экономика саласындағы **екінші деңгейдегі банктердің кредит салымдары** 2005 жылдың 1 шілдесіне 1901,9 млрд. теңгені құрады (2004 жылдың 1 шілдесіне – 1183,5 млрд. теңге), мұның 49,6%-ы (943,5 млрд. теңге) шетел валютасындағы кредиттер болып отыр. Кредиттер 2004 жылғы маусымның аяғындағы деректермен салыстырғанда 60,7%-ға, өткен аймен салыстырғанда 6,8%-ға өсті.

Кредит салымдарының жалпы көлемінде ұзақ мерзімді несиенің үлесі – 66,3%-ды немесе 1261,7 млрд. теңгені құрады, бұл өткен аймен салыстырғанда 6,3%-ға (1186,6 млрд. теңге), 2004 жылдың 1 шілдесіндегі (775,6 млрд. теңге) деректермен салыстырғанда 62,7%-ға өсті. Кредиттердің жалпы көлемінің ең көп үлесі саудада – 25,2%, өнеркәсіпте – 18,5%, құрылыста – 10,9%, ауыл шаруашылығында – 7,3% шоғырланған.

2005 жылдың 1 шілдесіне ЕДБ-нің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берген кредиттері кредит салымдарының жалпы сомасының 19,8%-ын (377,3 млрд. теңге) құрайды. Оның негізгі үлесі Алматы қаласында шоғырланған – 55,8% (210,4 млрд. теңге), одан ұзақ мерзімді кредиттер – 139,4 млрд. теңге.

ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2005 жылдың 1 шілдесіне кредит беру объектілеріне ақша қаражатын бөлу кезінде айналым қаражаттарын сатып алуға 760,6 млрд. теңге, негізгі қорларды сатып алуға 220,2 млрд. теңге бөлінді, бұл кредит салымдарының жалпы көлемінің (1901,9 млрд. теңге) тиісінше 40%-ын және 11,6%-ын құрайды.

ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2005 жылдың маусымындағы валюта айырбастау орындарының шетел валютасын сатуы/сатып алуы туралы есебі бойынша жеке тұлғаларға сату көлемі сатып алу көлемінен асып түсті: еуро – 2,3 есе, АҚШ доллары – 3,2 есе, ресей рублі – 28,1%.

Жеке тұлғаларға шетел валютасын сату көлемі 2005 жылдың мамырындағы көрсеткіштермен салыстырғанда еуро бойынша – 3,1%-ға кеміді, ал АҚШ доллары бойынша –29,6%-ға ресей рублі бойынша – 25,1%-ға көбейді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің **қайта қаржыландыруының ресми ставкасы** 2005 жылдың 11 шілдесінен бастап 0,5 пайыздық пунктке өсіп, жылдық деңгейде 8% болып белгіленді.

Мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы рыногі

2005 жылдың маусымында мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясының көлемі атаулы құны бойынша ҚР Ұлттық Банкінің ноттарымен 166,4 млрд. теңге сомада, МЕККАМ-12 - 18 млрд.теңге сомада анықталды. ҚР Қаржы министрлігі айналым мерзімі 180 ай болатын (*МЕУЖКАМ-180*) сомасы 14 млрд. теңгенің жаңа бағалы қағазын, мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақ қазынашылық міндеттемелерін шығарды.

2005 жылдың 1 шілдесіне айналыстағы барлық мемлекеттік бағалы қағаздардың жалпы көлемі атаулы құны бойынша 596,6 млрд. теңгені құрап, ағымдағы жылдың өткен айынан 8,6 пайыз кем түсті.

**) Деректер 2004 жылғы маусымнан бастап ХВҚ-ның әдіснамасымен және ақша-кредит статистика деректері мен төлем теңгерімі салыстырмалылығын сәйкестендіру мақсатында қайта қаралды. Өз қызметін ҚР аумағында жүзеге асыратын шетел компанияларының филиалдары мен өкілдіктерінің шоттары міндеттемелердің ішкі активтеріне қосылды (бұрын олар міндеттемелердің сыртқы активтерінде көрсетілген).*

9. ЕҢБЕК РЫНОГЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕККЕ АҚЫ ТӨЛЕУ

9.1 ЖАЛДАНЫП ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ

2005 жылғы шілдеде жалдамалы қызметкерлер саны (бағалау бойынша) 4,8 млн. адамды құрады, бұл өткен жылғы тиісті айдағыдан 270,7 мың адамға (6%) көп. Олардың санынан мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда 80,2%, жеке адамдарда 12,6%, шаруа (фермер) қожалықтарында 7,2% жұмыс істеді.

2005 жылғы екінші тоқсанда ірі және орта кәсіпорындарда 2,6 млн. адам жұмыспен қамтылды немесе жалдамалы қызметкерлердің жалпы санынан 53,9%. Бұл өткен жылғы тиісті кезеңдегіден 68,9 мың адамға (2,8%) көп. Одан қос қызметтілік жағдайында 11,9 мың адам, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша 19,8 мың адам жұмысқа тартылған.

Ағымдағы жылғы екінші тоқсанда бір қызметкер орта есеппен 467,4 сағат жұмыс істеген. Мұның өзінде ауыл шаруашылығында бір қызметкер орта есеппен 501,7 сағат, мемлекеттік басқаруда – 491,6 сағат, қонақ үй-мейрамхана бизнесінде – 488,2 сағат, құрылыста – 482,4 сағат жұмы істеген. Жұмыс күнінің орташа ұзақтығы - 7,42 сағат.

2005 жылғы екінші тоқсанда ірі және орта кәсіпорындарда толық емес жұмыс аптасы (күні) режимінде 24,9 мың адам жұмыс істеген, өндіріс жұмысының тоқтап қалуына байланысты демалыста болған адамдар саны 15,3 мың. Бұл өткен жылғы екінші тоқсанға қатысты, тиісінше, 0,3 мың және 7 мың адамға кем. Демалысқа шығуға мәжбүр болған қызметкерлердің жалпы санынан ақшалай өтем алмағандар – 13,5 мың адам, немесе 88,2% (2004 жылғы екінші тоқсанда - 89,6%).

Ағымдағы жылғы маусымның соңына ірі және орта кәсіпорындарда 13,9 мың орын бос болған (тізімдік санына 0,5%). Бос орындардың едәуір саны өнеркәсіп кәсіпорындарында тіркелген – 4249 бірлік (олардың жалпы санынан 30,6%), мемлекеттік басқаруда – 4111 бірлік (29,6%), ал жылжымайтын мүлікпен операцияларды жүзеге асыру саласында – 1107 бірлік (8%), көлік ұйымдарында – 1003 бірлік (7,2%).

Ағымдағы жылғы қаңтар-маусымда ірі және орта кәсіпорындарда 440,2 мың адам жұмысқа қабылданған, немесе қызметкерлердің орташа тізімдік санына 17,1%, одан 21,5 мың адам, немесе 4,9% - жаңадан құрылған жұмыс орындарына. Осы кезең ішінде әртүрлі себептер бойынша 379,8 мың адам жұмыстан шыққан, соның ішінде тұрақтамаушылық себептері бойынша – 289,9 (76,3%). Тұрақтамаушылық коэффициенті 11,4% құрады.

2004-2005 жылдардағы қызметкерлер санының қозғалысы



Өткен жарты жыл ішінде өнеркәсіп кәсіпорындарына 112,4 мың адам жұмысқа орналасқан, одан жаңадан құрылған жұмыс орындарына - 5 мың адам (жұмысқа қабылданғандар санынан 4,4%), құрылысқа – тиісінше, 82,4 мың және 5,9 мың адам (7,2%), көлік пен байланысқа – 41,4 мың және 1,6 мың адам (3,8%), ауыл шаруашылығына – 36,5 мың және 0,6 мың адам (1,6%).

Өнеркәсіп кәсіпорындарында жұмыстан шыққандар үлесі олардың жалпы санынан 30,1% құрады, құрылыста – 15,4%, көлікте – 9,6%, ауыл шаруашылығы мен білім беру саласында – 7%-дан.

9.2 ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

15 және одан жоғары жастағы экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны 2005 жылғы шілдеде (бағалау бойынша) 8 млн. адамды, экономикада жұмыспен қамтылғандар - 7,3 млн. адамды, жұмыссыздар (табысты жұмысы болмаған, оны үздіксіз іздеген және оған кірісуге әзір адамдар) – 6,2 мың адамды құрады. Жұмыссыздық деңгейі 7,9% (ағымдағы жылғы маусымда – 7,7%).

2005 жылғы екінші тоқсанда республика экономикасында 7,3 млн. адам жұмыспен қамтылды, бұл 2004 жылдың тиісті тоқсанына қарағанда 46 мың адамға немесе 0,6%-ға көп. Бұл 15 және одан жоғары жастағы халықтың 64,2%-ы. Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санында еркектер 3,8 млн. адамды (51,8%), әйелдер –3,5 млн. адамды (48,2%) құрады. Жұмыспен қамтылған халық арасынан қалалық жерлерде 4,1 млн. адам немесе 56,2%, ауылдық жерде - тиісінше 3,2 млн. адам еңбек етті немесе 43,8%.

Жұмыспен қамтылғандар құрылымында жалдамалы қызметкерлер саны 4,6 млн. адамға (барлық жұмыспен қамтылғандардың 63,6%), өз бетінше жұмыспен қамтылғандар – 2,7 млн. адамға (36,4%) жетті. Жалдамалы қызметкерлердің басым бөлігі қалалық жерде жұмыспен қамтылған (олардың жалпы санынан 68,9%). Жұмыспен қамтылған халық арасынан едәуір үлесті 25-34 жастағы адамдар – олардың жалпы санынан 28,9% және 35-44 жастағы адамдар – 25,3% құрады.

2005 жылдың екінші тоқсанында жұмыссыздар саны 634,1 мың адамды құрады, бұл 2004 жылдың осыған ұқсас тоқсанына қарағанда 19,6 мыңға (3%-ға) аз. Осы кезеңде жұмыссыздық деңгейі 0,3 пайыздық пунктке қысқарып 8% болды. Қалалық жерлерде жұмыссыздардың жалпы санынан 399,5 мың адам (жұмыссыздық деңгейі – 8,9%), ауылдық жерлерде – 234,5 мың адам (6,9%) тіркелді.

2004 - 2005 жылдардағы жұмыссыздық деңгейі

пайызбен



Жас құрылымы бойынша жұмыссыздар арасында ең көп үлес салмағына 15-24 жастағылар ие – жалпы санынан –29,3%, ал 25-29 жастағылар – 15,2%, 30-34 жастағылар – 13,4%, 35-44 жастағылар – 19,2%. Жастар жұмыссыздығының деңгейі - 13,4%.

Жұмыссыздар арасынан 229,6 мың адамның (олардың жалпы санынан 37,9%) бір жылдан астам уақыт бойы жұмысы болмаған, ал 109,4 мың адам (18,1%) ешқашан жұмыс істемеген. Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі 4,3% болды.

1 айдан 6 айға дейін 160,3 мың жұмыссыздың (26,5%), 6 айдан 12 айға дейін – 92,4 мың адамның (15,3%) жұмысы болмады. Жұмыссыз халықтың жартысына жуығы (48%) жалдамалы қызметкер ретінде жұмыс іздеумен айналысқан, олардың 68,1% мемлекеттік ұйымдарда, 24,3% - мемлекеттік емес ұйымдарда жұмыс істегілері келеді, ал 51,1% - кез-келген жұмыс істеуге келіседі.

Жұмыссыздар ретінде есепте тұрған азаматтар саны (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша) 2005 жылғы шілденің соңына 110,7 мың адамды құрады, бұл өткен жылдың осыған ұқсас кезеңіне қарағанда 30,8 мың адамға немесе 21,8% аз. Тіркелген жұмыссыздар санының жартысынан көбі (70,8 мың адам) - әйелдер және 48,9 мың – ауыл тұрғындары. Экономикалық тұрғыдан белсенді халық санында тіркелген жұмыссыздар үлесі 1,4% болды (2004 жылғы шілдеде – 1,8%).

9.3 ЕҢБЕККЕ АҚЫ ТӨЛЕУ

2005 жылдың маусымында бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 32152 теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 14,4%-ға өсті, нақты көрінісінде – 6%, қаңтар-маусымда – тиісінше, 30400 теңге, 14%-ға және 6,3%-ға өсті.

2004-2005 жылдардағы еңбек ақы



Ағымдағы жылдың жалдамалы қызметкерлердің еңбек ақысының көбеюі өткен жылдың тиісті айымен салыстырғанда экономикалық қызметтің барлық түрлері бойынша байқалды. Қаржы қызметіндегі қызметкерлердің жалақысы 41,9%-ға, ауыл шаруашылығындағы қызмткерлердікі – 26%-ға, саудадағы қызметкерлердікі – 21,2%-ға, өнеркәсіптегі қызметкерлердікі – 12,5%-ға өсті.

Ағымдағы жылдың маусымында жалақының жоғары деңгейі қаржы саласында жұмыс істейтін қызметкерлерде сақталды – 82107 теңге немесе ел бойынша орташа жалақыдан 2,5 есе жоғары, кен өндіру өнеркәсібінде – тиісінше, 57732 теңге және 1,8 есе, көлік және байланыста – 45861 теңге және 1,4 есе.

Білім беруде еңбек ақы – 19468 теңге болды, ол орта есеппен алғандағы республика бойынша еңбек ақыдан 39,4% төмен, денсаулық сақтауда – тиісінше 16596 теңге және 48,4%, ауыл шаруашылығында – 14951 теңге және 53,5%.

Өнеркәсіп салалары арасында темекі өндірісіндегі қызметкерлердің жалақысы ең жоғары, ағымдағы жылдың маусымында ол 113 мың теңгеден асып түсті (сала бойынша орташа жалақыдан 3 есе көп), шикі мұнай мен табиғи газ өндірудегі қызметкерлердікі – 104 мың теңге (2,8 есе), кокс, мұнай өнімдерін өндірудегі қызметкерлердікі – 54 мың теңге (1,4 есе). Тоқыма өндірісіндегі және сүрек өнірісіндегі жалақы 16 мың теңгеден 20 мың теңгеге дейін құрады, бұл тұтастай өнеркәсіп бойынша қалыптасқан орташа республикалық деңгейдің 42-55%-ы ғана.

Ағымдағы жылдың қаңтар-маусымында еркектердің орташа жалақысы 37300 теңгені құрады, бұл әйелдердің жалақысына (22881 теңге) қарағанда 1,6 есе жоғары. Қонақ үй-мейрамхана бизнесінде бұл алшақтық 1,9 есені құрады, қаржы қызметінде – 1,6 есе, өнеркәсіпте – 1,5 есе, мемлекеттік басқаруда – 1,3 есе.

2004-2005 жылдардың қаңтар-маусымында еркектер мен әйелдердің қызмет түрлері бойынша жалақысы



10. ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫ

10.1 АҚШАЛАЙ ТАБЫС

2005 жылғы маусымда халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы (бағалау бойынша) 14447 теңгені құрады ол өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 14,7 %-ға жоғары. Нақты ақшалай табыс осы кезең ішінде 6,3 %-ға өсті.

Халықтың атаулы және нақты ақшалай табысы (бағалау)



11. ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

11.1 ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛ

2005 жылдың 1 шілдесіне республика халқының саны ағымдағы деректер бойынша 15146,8 мың адамды құрады, соның ішінде 8676,2 мың адам (57,3%) қала және 6470,6 мың адам (42,7%) ауыл тұрғындары. Жыл басынан бері ол 72 мың адамға немесе 0,5%-ға өсті. Халықтың жалпы санының өсімі елдің 11 өңірінде байқалды. Халық санының ең жоғары өсімі - 20,3 мың, 14,5 мың және 10,6 мың адамға - тиісінше Оңтүстік Қазақстан облысына және Алматы мен Астана қалаларына келеді, ал оның ең көп кемуі - Шығыс Қазақстан облысында - 4,6 мың адамға.

Ағымдағы жылдың қаңтар-маусымында республика халқының табиғи өсімі 57905 адамды құрады (55456 – осында және әрі қарай жақша ішінде өткен жылдың тиісті кезеңінің көрсеткіштері келтірілген). Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстарында өлгендер саны туғандар санынан асып түсті. Табиғи өсімнің жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 8,1 (7,4) адамды құрады.

Ағымдағы жылдың қаңтар-маусымында АХАЖ органдарында 138884 (133092) туу тіркелді. Қалалық жерде туу өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 7,2% өсті және 81290 тууды құрады, ауылдық жерде - 0,5% және 57594 туу. Осы кезең ішінде 71386 ұл бала және 67498 қыз бала дүниеге келді, немесе 100 қызға 106 ұл. 2004 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда ұл бала 3,8%, ал қыз бала 4,9% көп. Туудың жалпы коэффициенті 1000 адамға 18,4 (17,6) тууды құрады.

Республика бойынша өлгендер саны ағымдағы жылғы қаңтар-маусымда 80979 (77636) адамды құрады, соның ішінде қалалық жерде - 51915 (49629) және ауылдық жерде - 29064 (28007). Осы кезең ішінде 45513 еркек және 35466 әйел өлген, немесе 100 әйелге 128 еркек. Өлгендердің жалпы санында еңбекке қабілетті жастағылардың үлесі 40,7% құрады, оның 30,3% еркектер. Өлім-жітімінің жалпы коэффициенті 1000 турғынға 10,3 (10,2) адамды құрады.

Халық өлімі себептерінің негізгі топтары ішінде қомақты үлесті қан айналымы жүйесіндегі аурулар алып отыр, олардың үлесіне барлық тіркелген өлім оқиғаларының 52,5% тиесілі (52%). Өлтіруден және өзін-өзі өлтіруден, тиісінше, 1068 және 1998 (1249 және 2229) адам өлген, немесе жазатайым оқиғалардан, улану мен жарақаттанудан өлгендердің жалпы санынан 9,9% және 18,5% (11,8% және 21,1%).

Осы кезең ішінде республикада 2088 (2009) нересте (1 жасқа дейінгі бала) өлімі тіркелген. Нәресте өлімнің коэффициенті 1000 туғанға 14,5 (14,7) өлімді құрады. Нәресте өлімінің ең көп тараған себептері перинаталдық кезеңде пайда болатын аурулардан, одан 1019 (945) нәресте өлімі тіркелген, немесе барлық нәресте өлімінің 48,8% (47%).

Ағымдағы жылғы қаңтар-маусымда некеге тұру және некені бұзу саны, тиісінше, 48272 және 15183 (46891 және 15385) құрады. Некеге тұрудың жалпы коэффициенті 7,7 (7,6) некені құрады, ал ажырасудың жалпы коэффициенті 2004 жылғы тиісті кезеңдегі деңгейде қалды және 1000 адамға шаққанда 2,1 ажырасуды құрады.

Елде халық көші-қонының оң айырымы сақталып отыр, ағымдағы жылғы қаңтар-маусымда оның шамасы 14148 (2736) адамды құрады. Тұтастай алғанда республикада ТМД елдерімен халық көші-қонының оң айырымы қалыптасқан - 17825 (10357) адам.

Қаңтар-маусымдағы халықаралық көші-қон

адам



Қазақстанға келгендер саны былтырғы жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда 7461 адамға, немесе 24,5% өсті, ал Қазақстаннан кеткендер саны 3951 адамға, немесе 14,3% қысқарды. ТМД елдерінен келгендер мен сол елдерге қоныс аударғандар үлесі олардың жалпы санынан 88,7% және 66,4% (92,6% және 64,3%) құрады. Иммигранттардың негізгі бөлігі Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Жамбыл, Қостанай және Қарағанды облыстарында орналасқан, ал эмигранттардың көбісі Қостанай, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстарынан.

Иммигранттар арасында қомақты үлес салмағы қазақ ұлтында - 79,3% (67,9%), орыстардың үлесіне 12% (18,5%) тиесілі. Қазақстаннан тыс елдерге кеткендер санының жартысынан көбін орыстар - 56,4% (55,3%), немістер - 21,2% (22,1%) құрайды.

Ел ішіндегі мигранттар саны 131019 адамды құрады (136535), одан халықтың өңіраралік көші-қонында - 57595 (84370) немесе 56% (61,8%). Өңіраралық көші-қонда оң айырым елдің 6 (4) өңірінде байқалды.

11.2 ХАЛЫҚТЫҢ АУРУ-СЫРҚАУЛЫҒЫ

Республикалық СЭС-тің деректері бойынша 2005 жылдың қаңтар-маусымында республика аумағында халықтың ауру-сырқауға шалдығуы тіркелетін инфекциялардың біразы бойынша қысқарды. Сонымен бірге, көкжөтелмен (4,3 есеге), туляремиямен (2 есе), ЖҚТБ-мен (1,6 есе), менингококк жұқпасымен (33,8%-ға), өткір вирустық гепатитпен (11,1%), тамақтан бактериялық уланумен (6,5%) ауырғандар саны өскен. Қызылшамен ауырғандардың 16 мың оқиғасы тіркеліп, 395 АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылар анықталды (2004 жылы – 347).

Бұл кезеңде 14 жасқа дейінгі балалар арасында көкжөтелмен (4,2 есеге), менингококк жұқпасымен (39,8%), өткір вирустық гепатитпен (30,8%) тамақтан бактериялық уланумен (10,7%) ауырғандар саны өсіп, 4,5 мың қызылшамен ауырғандар тіркелді.

Ағымдағы жылдың маусымында 2004 жылдың маусымымен салыстырғанда көкжөтелмен (5,3 есеге), жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпасымен (11%-ға) ауырғандар саны өсіп, қызылшамен ауырғандардың 433 оқиғасы тіркелді, 82 АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылар анықталды (2004 жылдың маусымында – 53). Ауылдық жерлерде бұл кезең ішінде АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылардың анықталған саны көбейген (4,2 есе), менингококк жұқпасымен ауырғандар саны өскен (60%-ға), қызылшамен ауырудың 133 оқиғасы тіркелген.

Ағымдағы жылдың қаңтар-маусымында тіркелген жұқпалы аурулардың арасында аса кең тарағаны жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпасы (100 мың адамға шаққанда 10928,5 оқиға), тұмау (516,6), тыныс органдарының туберкулезі (154,5), ішектің өткір жұқпасы (106), өткір вирустық гепатит (66,2), мерез (67,9) және битшеңдік (51,6) болды.

11.3 ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша республика аумағында 2005 жылдың қаңтар-маусымында тіркелген қылмыстардың саны өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 1%-ға өсіп, 72,9 мыңды құрады, олардың 26,4% әйелдерге қатысты, 3,7% - кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстар. 2005 жылдың қаңтар-маусымында халықтың 10 мың адамына шаққанда тіркелген қылмыстардың саны тұтастай республика бойынша 97 оқиғаны құрады.

Тіркелген қылмыстардың құрылымында жоғары үлес салмағын меншікке қарсы жасалған қылмыстар алады (63,9%). Олардың ішінде едәуір бөлігін бөтен мүлікті ұрлау (43,1%) алады, ол өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,5%-ға өскен, сол сияқты тонау (11%), алаяқтық (2,5%) пен бопсалаушылық (0,3%) оқиғалары да көбейген.

Жеке адамға қарсы қылмыстар санында денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру (44%), денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру (8,1%), зорлау (0,9%) саны айтарлықтай өскен.

Өткен жылдың қаңтар-маусымымен салыстырғанда көлік қылмысының (28,8%), мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстардың (15,7%), бұзақылық оқиғаларының (8,1%) тіркелген саны өскен.

Талданып отырған кезең ішінде республиканың құқық қорғау органдары экономика саласындағы 5,1 мың қылмысты ашты (2004 жылдың қаңтар-маусымындағы деңгейге – 92,5%). Қылмыстардың бұл тобында азаматтардың салық төлеуден жалтару (36,1%), жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау және өткізуге байланысты қылмыстардың (17,5%) саны өскен.

Ағымдағы жылдың бірінші жарты жылдығында 2004 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда есірткіге байланысты қылмыстардың жалпы саны 9,2%-ға азайды. Есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды өткізу мақсатында заңсыз әзірлеуге, сатып алуға, сақтауға, тасымалдау мен жіберуге, оларды тұтынуға бейімдеуге, есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыруға немесе ұстауға байланысты қылмыстар саны 2,2%-ға азайып, 2,4 мың оқиғаны құрады. Бұл санаттағы қылмыстардың ашылуы ағымдағы жылдың қаңтар-маусымында 88,6% құрады (2004 жылдың қаңтар-маусымында – 90,2%).

Республикада әскери қылмыстардың қысқару үрдісі сақталуда. 2005 жылдың қаңтар-маусымында 2004 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда әскери қызметкерлер жасаған қылмыстардың саны 10,3% азайды. Осы санаттағы тіркелген қылмыстар санының 31,3% - билігін пайдаланып қиянат жасау, билікті асыра пайдалану немесе әрекетсіздік, 26,6% - бөлімді немесе қызмет орнын өз бетінше тастап кету, 23,6% - өзара қарым-қатынастың жарғылық ережелерін бұзу, 2,3% - қашқындық.

Есепті кезеңде тексерілген қылмыстар бойынша республиканы тұтастай алғанда материалдық залалдың анықталған сомасы 15651,7 млн. теңге болды, оның 41,9% - меншікке қарсы қылмыстардың, 40,1% - экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың үлесінде.

Ағымдағы жылдың алты айында республиканың құқық қорғау органдары қылмыс жасаған 42,5 мың адамды анықтады (2004 жылдың қаңтар-маусымына қарағанда 9,4%-ға көп). 30,9 мың адам қылмыстық жауапқа тартылды.

Қылмысы әшкереленген адамдардың 10,6% - әйелдер, 10,3% - жасы кәмелетке толмағандар. Мемлекеттік қызметті атқарушылардың үлесіне 3,1% келеді. Бұрын қылмыс жасаған адамдардың үлес салмағы – 10,7% (2004 жылдың қаңтар-маусымында – 13,6%) құрады.

Қазақстан бойынша орташа алғанда әрбір тоғызыншы қылмыскер қылмысты - мас күйінде, әрбір төртінші - топ құрамында жасаған. Қылмыстары әшкереленгендердің ең көбін (70,6%) – жұмыссыздар құрады.

12. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Өнеркәсіп. 2005 жылғы қаңтар-шілдеде өнеркәсіп өндірісі көлемінің өсуі 2004 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда, Қарағанды, Қызылорда және Қостанай облыстарынан басқа (өндіріс көлемі тиісінше, 12,3%-ға, 10,5%-ға және 5,3%-ға төмендеген), Қазақстанның барлық өңірлерінде байқалды. Ең көп өсімге Батыс Қазақстан облысында (37,1%-ға) қол жеткізілсе, ең аз өсім Жамбыл облысында (0,3%-ға) тіркелді. Жоғары өсу қарқыны сондай-ақ Алматы (17,3%-ға) мен Астана (11,1%-ға) қалаларында және Ақмола (17%-ға), Ақтөбе (9,9%-ға), Алматы (9,3%-ға) облыстарында байқалды.

Өнеркәсіп өндірісінің орташа республикалық деңгейі 7 облыста: Батыс Қазақстан, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Маңғыстау, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарында және Алматы мен Астана қалаларында асып түсті.

2005 жылғы қаңтар-шілдеде өнеркәсіп өнімі көлемінің өсуі (кемуі)
2004 жылғы қаңтар-шілдеге %-бен



Шикі мұнай өндіру Ақтөбе (11,5%-ға), Маңғыстау (6,5%-ға) облыстарында өсті, Атырау (0,6%-ға), Батыс Қазақстан (9,2%-ға), Қызылорда (12,6%-ға) облыстарында кеміді. Газ конденсатын өндіру Жамбыл (58,5%-ға), Батыс Қазақстан (4 4%-ға) және Маңғыстау (31,8%-ға) облыстарында өсті.

Қостанай облысында теміркенді шекемтастарды өндіру 17,8%-ға кеміді. Мыс кенін өндіру Қарағанды облысында өсті (11,5%-ға), Шығыс Қазақстан облысында кеміді (9,7%-ға).

Болат қорыту Қостанай 30,5%, Павлодар 26,8% облыстарында өсті, ал Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында, тиісінше, 25,2%-ға, 11,9%-ға және 4,6%-ға азайды.

Тазартылған мысты қорыту Шығыс Қазақстан облысында 5,9 есе, Алматы қаласында 57%-ға, өңделмеген мырышты қорыту Қарағанды облысында 15,5 есе, Шығыс Қазақстан облысында 2% артты.

Шығыс Қазақстан облысында жолаушыларға арналған жеңіл автомобильдер шығару 49,7%-ға кеміді.

Сары май өндіру Қарағанды (71,1%-ға), Солтүстік Қазақстан (50,9%-ға), Шығыс Қазақстан (46,8%-ға), Оңтүстік Қазақстан (32,6%-ға) облыстарында және Алматы қаласында (48,3%-ға) өсті, ал көлемнің кемуі Астана қаласында (36,4%-ға) және Ақмола (62,2%-ға), Ақтөбе (33,3%-ға), Батыс Қазақстан (38,5%-ға), Жамбыл (18,3%-ға), Алматы (14,1%-ға) облыстарында тіркелді.

Тазартылған күнбағыс майын өндіру Ақтөбе (2 есе) және Шығыс Қазақстан (31,4%-ға) облыстарында өсті, Оңтүстік Қазақстан облысында 23,5%-ға кеміді.

Жеміс және көкөніс шырындарын өндіру Алматы облысында 68%-ға өсті, Жамбыл облысында 9,5%-ға кеміді.

Электр энергиясының өндіру көлемінің ең жоғары өсімі Ақтөбе (2,7 есе), Жамбыл (60,8%-ға), Қызылорда (38,1%-ға), Батыс Қазақстан (22,3%-ға) облыстарында байқалды, ең көп төмендеу Оңтүстік Қазақстан (2,6%-ға) және Қарағанды (2,9%-ға) облыстарында байқалды.

Ауыл шаруашылығы. Ағымдағы жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша өткен жылғы тиісті күнмен салыстырғанда облыстар шаруашылықтарының барлық санаттарында ірі қара мал, жылқы, қой мен ешкі саны өсті.

2005 жылғы қаңтар-шілдеде 2004 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ет өндіру көлемінің өсуі, Қызылорда облысы мен Алматы қаласынан басқа, республиканың барлық өңірлерінде байқалды. Өндіріс көлемінің ең жоғары өсімі Астана қаласында (50%-ға), Маңғыстау (13%-ға) мен Шығыс Қазақстан (11,2%-ға) облыстарында қол жеткізілді. Қызылорда облысында ет өндірісі көлемі өткен жылғы тиісті кезеңдегі деңгейде сақталды, Алматы қаласында кемуі байқалады (20%-ға).

2004 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда сүт өндірісінің өсуі Астана қаласынан басқа (көлемі 22%-ға төмендеген) республиканың барлық өңірлерінде байқалды. Өндіріс көлемінің аса жоғары өсімі Алматы қаласында (10,8%-ға), ең аз өсімі Батыс Қазақстан облысында (0,9%-ға) тіркелді. Салыстырмалы жоғары өсу қарқынына Оңтүстік Қазақстан (6,7%-ға) және Қостанай (6,6%-ға) облыстарында қол жеткізілді.

2005 жылғы қаңтар-шілдеде 2004 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда жұмыртқа өндірісінің өсуі Қазақстанның 11 өңірінде байқалды. Аса жоғары өсу қарқыны Батыс Қазақстан – 2 есе және Солтүстік Қазақстан – 29,6%-ға облыстарында тіркелді, ең азы – Қостанай облысында (0,5%-ға) орын алды. Жұмыртқа өндірісінің көлемі Маңғыстау (25%-ға), Павлодар (5,4%-ға), Алматы (1,2%-ға), Қызылорда (0,5%-ға) облыстарында және Астана қаласында (20%-ға) төмендеді.

Инвестициялар. 2005 жылғы қаңтар-шілдеде негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар (жете бағалауды ескере отырып) 992,6 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылғы тиісті кезеңдегіден 49,3%-ға артық.

Инвестицияның өсуі республиканың 14 өңірінде байқалған. Аса көп өсуі Атырау (82,8%-ға) және Қарағанды (67,9%-ға) облыстарында, ең аз өсуі Қостанай облысында (1%-ға) тіркелді. Жоғары өсу қарқыны сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Алматы және Ақтөбе облыстарында байқалды (тиісінше, 55,3%, 45,8%, 40,1% және 25,1%-ға). Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар көлемі Батыс Қазақстан (45,9%-ға) және Жамбыл (19,2%-ға) облыстарында төмендеді.

2005 жылғы қаңтар-шілдеде республиканың барлық өңірлерінде салынған тұрғын үйлер көлемі өткен жылғы тиісті кезеңдегі деңгейден асып түсті. Аса белсенді тұрғын үй құрылысы Солтүстік Қазақстан, Алматы мен Ақмола облыстарында жүргізілуде, онда тұрғын үйлерді іске қосу көлемі 2004 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда (тиісінше, 2,3 есе, 2,2 есе және 2,0 есе), сондай-ақ Астана қаласында (80,2%-ға), Қостанай (87,4%-ға), Жамбыл (79%-ға) және Маңғыстау (69,8%-ға) облыстарында өсті.

Бөлшек сауда тауар айналымы. 2005 жылғы қаңтар-шілдеде бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 705,2 млрд. теңгені құрады және өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда (тұрақты бағада) 11%-ға өсті. 2005 жылғы қаңтар-шілдеде өңірлер бөлінісінде бөлшек сауда тауар айналымы көлемінің аса жоғары өсімі өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда (тұрақты бағада) Жамбыл (29,3%-ға), Ақмола (23,4%-ға), Атырау (23,9%-ға) және Қызылорда (21,3%-ға) облыстарында байқалды. Алматы қаласында өсім 15,8%, Астана қаласында – 10,7% құрады. Бөлшек сауда тауар айналымы көлемінің ең аз өсімі Батыс Қазақстан мен Солтүстік Қазақстан облыстарында (1,8%-ға) байқалды.

Тұтыну бағасының индексі. 2005 жылғы шілдеде тұтыну тауарлары мен қызметтерінің бағасы өткен аймен салыстырғанда, Ақтөбе мен Павлодар облыстарынан басқа (онда көлем тиісінше, 0,2% және 0,1% төмендеген), республиканың барлық өңірлерінде өсті. Бағаның ең көп өсуі Ақмола (1,1%-ға) мен Оңтүстік Қазақстан (0,9%-ға) облыстарында тіркелді.

2005 жылғы шілдеде өткен аймен салыстырғанда азық-түлік тауарларына бағаның өсуі Ақмола, Алматы, Атырау, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында, Астана мен Алматы қалаларында байқалды, сол уақытта бағаның төмендеуі Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Павлодар облыстарында тіркелді. Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарында баға өткен айдың деңгейінде сақталып қалды. Бағаның ең көп өсуі Ақмола облысында (1,3%-ға) байқалды.

Азық-түлік емес тауарлардың бағасы 2005 жылғы маусыммен салыстырғанда, Атырау мен Павлодар облыстарынан басқа (баға өткен айдың деңгейінде сақталған), Қазақстанның барлық өңірлерінде өсті. Бағаның ең көп өсуі Алматы қаласында (1,2%-ға) байқалды.

Халыққа көрсетілетін ақылы қызметтердің бағалары мен тарифтері 2005 жылғы шілдеде өткен аймен салыстырғанда республиканың 12 өңірінде өсті. Бағаның ең көп өсуі Оңтүстік Қазақстан (2,9%-ға) мен Батыс Қазақстан (2,7%-ға) облыстарында байқалды. Ақтөбе, Павлодар облыстарында және Астана қаласында халыққа көрсетілетін ақылы қызметтердің бағалары мен тарифтері өткен айдың деңгейінде қалды, Қарағанды облысында 0,1% төмендеді.

Халықтың ақшалай табысы. 2005 жылғы маусымда Қазақстандағы халықтың жан басына шаққандағы орташа ақшалай табысы (бағалау бойынша) 14447 теңгені құрады. Атырау және Маңғыстау облыстары республиканың аса жоғары табысты өңірлері болып табылады, оларда табыс орташа республикалық деңгейден 2,5 және 2,2 есе асқан. Астана және Алматы қалаларындағы халықтың орташа жан басына шаққандағы ақшалай табыстарының деңгейі орташа республикалық деңгейден 2,2 және 2,1 есе асты. Халықтың жан басына шаққандағы ең төмен ақшалай табыс Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстарының тұрғындарында байқалды (тиісінше: орташа республикалық деңгейден 51,9%, 52,7% және 63,8%).

Еңбек рыногы. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша 2005 жылғы шілденің соңына жұмыссыздар ретінде тіркелген азаматтар саны 110,7 мың адамды құрады. Ал олардың экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы үлесі – 1,4%. Өңірлер бөлінісінде бұл көрсеткіш 11 облыста асып түскен. Жұмыссыздардың қомақты үлесі Павлодар облысында (2,3%-ға), ең аз үлесі –Алматы қаласында (0,8%).

13. КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

1. Өнеркәсіп кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін зерттеу

2005 жылғы шілденің соңында 746 ірі және орта өнеркәсіп кәсіпорындары зерттелген, соның ішінде кен өндіру өнеркәсібі – 79 (сауалдамаға жауап бергендердің 11%-ы), өңдеу өнеркәсібі - 538 (72%) және электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлу бойынша - 129 (17%).

Ағымдағы жылдың шілдесінде сауалдамаға жауап берген кәсіпорындардың іскерлік белсенділігін сипаттайтын кәсіпкерліктің сенімділік индексі, ағымдағы жылдың маусымымен салыстырғанда 2 пайыздық пунктке көбейді және (+13)% құрады.

2005 жылғы қарашаның соңында соңында, өнеркәсіп кәсіпорындарының іскерлік белсенділігінде төмендеу байқалады. Кәсіпкерліктің сенімділік индексі 2005 жылдың шілдесімен салыстырғанда 4 пайыздық пунктке кемиді және (+9)%-ды құрайды.

Өнеркәсіп кәсіпорындарындағы кәсіпкерліктің сенімділік индексінің серпіні
(маусымдық факторлар шығарылған)

теңгерім, %



Ағымдағы жылдың шілдесінде осы жылдың маусымымен салыстырғанда кен өндіру және электр энергиясын, газ бен суды өндіру және тарату бойынша зерттелген кәсіпорындардағы кәсіпкерліктің сенімділік индексі тиісінше (+15)%-дан (+18)%-ға дейін және (–5)%-тен (–4)%-ға дейін өсті.

Осы мезгілде өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарында өткен аймен салыстырғанда іскерлік белсенділік өзгермеген. Сонымен, осы кәсіпорындардағы кәсіпкерліктің сенімділік индексі ағымдағы жылғы маусыммен салыстырғанда өзгерген жоқ және (+14)%-ға тең болып қалды.

2. Сауда кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін зерттеу

2005 жылғы шілденің соңында 1484 сауда кәсіпорындарынан сұрауға жауап алынған болатын, соның ішінде 780 – бөлшек сауда (53% сауалдамаға жауап бергендердің жалпы санынан), 655 – көтерме сауда (44%) және 49 – сауда делдалдық кәсіпорындары (3%).

2005 жылғы шілдеде сауда кәсіпорындарының үлесі, олардың басшыларымен “жақсы” және “қанағаттанарлық” деп сипатталған экономикалық жағдайы, өткен аймен салыстырғанда өзгерген жоқ, 94%-ды құрады.

Сауда кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін сипаттайтын кәсіпкерліктің сенімділік индексі 2005 жылғы шілдеде ағымдағы жылдың маусымдағы деңгейінде қалды, **(+13)%**-ды құрады (маусымдық факторды есептегенде (+14)%).

2005 жылғы қазанның соңында көптеген басшылардың бағалауы бойынша іскерлік белсенділікте өсу байқалады, кәсіпкерліктің сенімділік индексі маусыммен салыстырғанда 3 пайыздық пунктке өседі және (+16)%-ды құрайды.

Сауда кәсіпорындарындағы кәсіпкерліктің сенімділік индексінің серпіні
(маусымдық факторлар шығарылған)

теңгерім, %



Зерттеудегі көтерме сауда және сауда делдалдық кәсіпорындары басшыларының көбі өткен аймен салыстырғанда іскерлік белсенділіктің төмендегенін атап айтты. Сонымен, көтерме сауда кәсіпорындарындағы кәсіпкерліктің сенімділік индексі (+15)%-дан (+14)%-ға дейін, сауда делдалдығы – (+13)%-дан (+12)%-ға дейін кеміді. Осы мезгілде бөлшек сауда кәсіпорындарында кәсіпкерліктің сенімділік индексінің мәні өткен аймен салыстырғанда. өзгерген жоқ (12%)-ға тең болып қалды.

3. Тұтынушыларды зерттеу

2005 жылғы шілденің соңында Өңірлік статистика басқармаларының қызметкерлері түрлі топтардағы (қала мен ауыл халқы, фирмалар мен банктердің, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлері, үй шаруасындағы әйелдер мен зейнеткерлер және басқ.) тұтынушыларды – 1600 респондентті кезекті зерттеуден өткізген болатын. Зерттеудің негізгі мақсаты – ел экономикасындағы және жеке үй шаруашылығындағы өзгерістер туралы тұтынушылардың жеке пікірлерін анықтау. Сонымен бірге, сауалдама үй шаруашылықтарында ұзақ пайдаланатын тауарларға деген тұтынушылар сұранысының үрдісін қадағалауға мүмкіндік береді.

“Тұтынушылардың сезіну индексі” ағымдағы жылға маусыммен салыстырғанда ағымдағы жылғы шілде **(+20)%**-дан **(+16)%**-ға дейін кеміді.

“Экономикалық ахуал индексі” (+28)%-дан (+20)%-ға дейін кеміді.

“Сатып алу тілегінің индексі” ағымдағы жылғы шілде өткен аймен салыстырғанда 2 пайыздық пунктке азайып, (**+14)%-ды** құрады (Диаграмманы қара).

Ағымдағы жылғы шілде әрбір үшінші респондент соңғы 12 айда еліміздегі экономикалық жағдайдың жақсарғанын белгілесе, осы мезгілде тұтынушылардың 17%-ы жағдайдың нашарлағанын хабарлады.

Респонденттердің үштен көбі (34%) – келесі 12 айда елдегі жалпы экономикалық жағдайдың жақсаратынын күтеді, тек 14%-ы нашарлауы мүмкін деп ойлайды.

Ағымдағы жылғы шілде жеке үй шаруашылығындағы қаржы жағдайының жақсарғанын, тиісінше, өткен аймен салыстырғанда ұзақ пайдаланатын тауарларға сұраныстың өскені туралы респонденттердің 32%-ы хабарлады. Сонымен бірге, сұралғандардың жалпы санынан 18% өзінің үй шаруашылығындағы қаржы-экономикалық жағдайдың нашарлағанын хабарлады.

Сұралған респонденттердің 11%-ның пікірі бойынша еліміздегі жұмыссыздық деңгейі алдымыздағы 12 айдың ішінде жақсарады десе, сұралғандардың 13%-ы жұмыссыздық деңгейі кемиді деп есептейді.

Алдымыздағы 12 айдың ішінде үй шаруашылығындағы ақшалай қорланым сомасының өсу мүмкіндігін сұралған тұтынушылардың 20%-ы белгілесе, ал 22%-ы оның кемитінін белгіледі.

Тұтынушылар бағасы

теңгерім, %



14. ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУ ҮРДІСІ

14.1 ТМД ЕЛДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

(ТМД Статкомитетінің деректері бойынша)

2005 жылғы қаңтар-маусымда Достастық елдерінің барлығында экономикалық және қаржы жағдайы біршама тұрақты болды. Достастық елдерінде[1)] орта есеппен, бағалау бойынша, жалпы ішкі өнім 2004 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда 5% өсті.

Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер Достастық елдері бойынша орта есеппен

(өсім; өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)



* *Құбырлар арқылы емес.*

2005 жылғы қаңтар-маусымда **өнеркәсіп өндірісінің көлемі** өткен жылғы тиісті кезеңге қатысты Достастық елдері бойынша орта есеппен 5% құрады (2004 жылғы қаңтар-маусымда – 9%). Әзірбайжанның (20,1%), Грузияның (12,8%) Беларусь (10,5%) пен Тәжікстанның (8,9%) өнеркәсібі аса жоғары қарқынмен дамыды. Қазақстанда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 7% өсті. Қырғызстанда өнеркәсіп өнімінің өндірісі 9,8% төмендеді.

Мамырда маусыммен салыстырғанда өнеркәсіп өнімінің көлемі Достастық елдері бойынша орта есеппен 7% өсті. Молдовада 11,5%, Ресейде 8,7%, Арменияда 6,2% өсуі, Тәжікстан 4,6% мен Қазақстанда 0,6% төмендеуі байқалды.

[1)]Осы жерде және әрі қарай статистикалық қызметтері ақпаратты табыс етпейтін Түркіменстанды және Өзбекстан Республикасын ескерусіз.

Достастық елдеріндегі өнеркәсіп өндірісі

(тұрақты бағада; өсім, өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)



Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасының индексі 2005 жылғы қаңтар-маусымда Достастық елдері бойынша орта есеппен 119% құрады (өткен жылғы тиісті кезеңде -120%). Маусымда ағымдағы жылғы мамырмен салыстырғанда баға Достастық елдері бойынша орта есеппен 0,1% (өткен жылы – 2,2%) өсті.

Ауыл шаруашылығы. Өсімдік шаруашылығы. Достастық елдерінде жаздық дақылдар егісі аяқталды. Қазақстанда, көктемгі егістің алдын-ала қорытындылары бойынша, ауыл шаруашылығы дақылдарының барлық егіс алқаптары 2% өсті. Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар (жүгеріні қоса) егілген алқаптар 4% және картоп - 0,4% кеңейді. Күнбағыс (0,9%), қант қызылшасы (15%), көкөністер (0,6%) өткен жылдағыдан аз себілген.

Әзірбайжанда дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар (жүгерісіз) егістігі өткен жылдағыдан 6% аз қамтылған. Қант қызылшасы мен күнбағыс егілген алқаптар тиісінше, 6% және 2% қысқарды. Картоп пен көкөністер отырғызу алқаптары, тиісінше, 7% және 0,8% өсті.

Көктемгі егістің қорытындылары бойынша Беларусьтің ауыл шаруашылығы дақылдары егілген алқаптар өткен жылмен салыстырғанда 2% қысқарды, соның ішінде дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар (жүгеріні қоса) 4%, картоп - 10%, көкөністер - 7%. Қант қызылшасы өткен жылдағыдан 18% артық егілді.

Ресейде дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар (жүгеріні қоса) өткен жылдағыдан 7% аз егілді. Қант қызылшасын, картоп және көкөністер егілген алқаптар 4,9% қысқарды. Күнбағыс егу алқабы 7% өсті.

Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар (жүгеріні қоса) егілген алқаптар Украинада өткен жылмен салыстырғанда 2%, қант қызылшасы - 8%, картоп - 3%, көкністер - 4% қысқарды. Күнбағыс егілген алқаптар 3% өсті.

Достастық елдерінің оңтүстік аумақтарында егін жинау басталды.

Қазақстанда республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігінің ағымдағы жылғы 18 шілдедегі деректері бойынша дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар жиналуға тиіс алқаптардың 29% бастырылды. Бастырылған астық 2004 жылғы 410 мың тоннаға қарсы 541 мың тоннаны құрады. Жиналған алқаптың бір гектарынан орта есеппен 15,1 центнерден астық бастырылды (2004 жылы – 16,1 центнерден).

Әзірбайжанда 2005 жылғы шілденің басына дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар (жүгерісіз) 414 мың гектар алқаптан жиналды (жиналуға тиіс алқаптан 53%). 1058 мың тонна астық бастырылды (бастапқы салмақта), немесе 2004 жылдағыдан 33% артық; шығымдылық жиналған алқаптың гектарынан өткен жылғы 24,9 центнерге қарсы 25,5 центнерді құрады.

2005 жылғы 1 шілдеге Ресейде дәнді дақылдар 273 мың гектар егіс алқабынан жиналды (жиналуға тиіс алқаптардың 0,8%). 1040 мың тонна астық бастырылды, немесе өткен жылғы осы кезеңге қарағанда 21% артық. Шығымдылық гектарынан 38 центнерді құрады, бұл 2004 жылғы деңгейден 6% артық.

Украинада 2005 жылғы шілденің басына дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар 159 мың гектар алқаптан бастырылды (жиналуға тиіс алқаптың 89%), бұл өткен жылғы тиісті күндегіден 3,8 есе артық. Жиналған астық 363 мың тоннаны құрады, бұл 2004 жылдағыдан 3 есе артық. Гектарынан 22,9 центнер алынды, өткен жылғы шілденің басына – 28,8 центнер.

Мал шаруашылығы. 2005 жылғы қаңтар-маусымда өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда Достастық елдері бойынша орта есеппен союға арналған мал мен құс (тірілей салмағында) өндіру 1% кеміді (2004 жылғы бірінші жартыжылдықта – іс жүзінде өзгерген жоқ), сүт өндіру өткен жылғы тиісті кезеңдегідей 1% кеміді, жұмыртқа - 4% өсті (1% қысқарды).

Инвестиция мен құрылыс. Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар көлемі Достастық елдері бойынша орта есеппен 2005 жылғы қаңтар-маусымда өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда, бағалау бойынша, 12% өсті (2004 жылғы қаңтар-маусымда - 17%).

Қаржыландырудың барлық көздері есебінен Достастық елдері бойынша орта есеппен өткен жылғы қаңтар-маусымдағыдан 13%-ға көп тұрғын үй пайдалануға берілді (2004 жылғы қаңтар-маусымда - 9%).

Көлік. 2005 жылғы қарастырылып отырған кезеңде көлік кәсіпорындары тасымалдаған жүк көлемі (құбырлар арқылы емес) өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 3,5% (2004 жылғы қаңтар-маусымда - 7%), жүк айналымы - 2% (8%) өсті.

Көлік кәсіпорындарында жолаушылар айналымы (қалалық электрлік пен жеңіл таксомоторлықтан басқа) өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда Достастық елдері бойынша орта есеппен 2% кеміді (2004 жылғы қаңтар-маусымда - 9% өсті), 9% аз (1% көп) жолаушы тасымалданған.

Тұтыну рыногы. 2005 жылғы есепті кезеңде өткен жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда бөлшек сауда тауар айналымының нақты көлемі (тұрақты бағада) Достастық елдерінде орта есеппен 12% өсті.

Тұтыну рыногындағы баға. 2005 жылғы қаңтар-маусымда Достастық елдерінің көбісінде инфляциялық процестердің біршама жеделдетілгені байқалды.

Достастық елдеріндегі тұтыну бағасының деңгейі

(өсім; 2005 жылғы маусым 2004 жылғы желтоқсанға, %-бен)



2005 жылғы маусымда 2004 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда тұтыну бағаларының ең жоғары өсу қарқыны Украина (7,2%) мен Ресейде (6%), ал ең төмен – Грузия (0,3%) мен Арменияда (1,5%) байқалды. Қазақстанда тұтыну бағаларының өсімі 3,5% құрады.

2005 жылғы маусымда 2004 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда азық-түлік тауарлары бағасының ең жоғары өсімі Ресейде (8,6%), Қырғызстанда (8,5%), Украинада (8,3%), ең төмен баға Грузияда (0,1%) байқалды. Қазақстанда азық-түлік тауарлары бағасының өсімі 4,6% құрады.

2005 жылғы маусымда 2004 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда азық-түлік емес тауарлар бағасының ең жоғары өсімі Молдовада (4,3%), төмендеуі Әзірбайжан (2,4%) мен Арменияда (0,6%) байқалды. Қазақстанда азық-түлік емес тауарлар бағасы 2,1% өсті.

Ағымдағы жылғы маусымда ақылы қызметтердің ең жоғары өсімі 2004 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда Ресей (15,4%) мен Әзірбайжанда (9,8%) байқалды, төмендеуі Қырғызстанда (0,1%) тіркелді. Қазақстанда ақылы қызметтер бағасы 2,8% өсті.

Қаржы. 2005 жылғы маусымда Достастық елдерінің валюталық рыноктарындағы жағдай іс жүзінде тұрақты болып қалды. Дүниежүзілік рыноктың конъюнктурасы АҚШ доллары мен евро бағамының Достастық елдерінің ұлттық валюталарына қатысты серпініне біршама ғана әсер етті.

Ағымдағы жылдың өткен айында АҚШ долларының қырғыз сомына, түркімен манатына және украина гривеніне қатысты бағамы өзгерген жоқ. Әзірбайжанда АҚШ доллары маусымның соңына ағымдағы жылғы маусымның соңымен салыстырғанда 1,1%, Арменияда– 0,6%, Грузияда - 0,8%, Молдовада - 0,2% арзандады. Достастықтың қалған елдерінде АҚШ долларының бағамы Беларусьте – 0,05%, Қазақстан мен Ресейде – 2,1%, Тәжікстанда – 1,4%, Өзбекстанда - 1,1% өсті.

Ағымдағы жылғы маусымның соңында осы жылғы мамырдың соңымен салыстырғанда Достастық елдерінің барлығында евро бағамы төмендеді: Әзірбайжанда – 3,5%, Армения мен Түркіменстанда – 3,9%, Беларусьте, Қырғызстан мен Молдовада – 3,7%, Грузияда – 4,6%, Қазақстанда – 1,7%, Ресейде – 1,9%, Тәжікстанда, Өзбекстан мен Украинада – 2,2%.

Ағымдағы жылдың маусымының соңына 2004 жылғы желтоқсанның соңымен салыстырғанда евро бағамы әзірбайжан манатына қатысты 14,8%, армян драмына – 19,4%, белорус рубльіне, грузия лариіне және қырғыз сомына – 12,3%, қазақ теңгесі мен тәжік сомониіне – 8,0%, молдова леюі мен туркмен манатына – 10,5%, ресей рубльіне – 8,7%, өзбек сомына – 5,6%, украин гривніне – 15,6% төмендеді.

Сыртқы сауда. Достастық елдерінің тауарларды шетелдерге шығарудың құндық көлемі 2005 жылғы қаңтар-мамырда 2004 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда орта есеппен алғанда 33% өсті, тауарларды шетелдерден әкелу – 26% өсті. Ағымдағы жылғы мамырда осы жылғы сәуірмен салыстырғанда экспорт Достастық елдері бойынша орта есеппен алғанда 0,3%, импорт - 3,5% төмендеді.

2005 жылғы қаңтар-мамырдағы Достастық елдерінің сыртқы саудасы

(өсім, өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)



Достастық елдерінің өзара саудасының үлесіне Достастық елдерінің тауарларымен сауда операцияларының жалпы көлемінен 23% тиесілі (2004 жылғы қаңтар-мамырда - 27%), соның ішінде экспорт - 17% (20%), импорт - 34% (39%).

Ағымдағы жылғы қаңтар-мамырда Достастық елдері арасындағы тауарлардың сыртқы сауда операцияларының құндық көлемі 2004 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда орта есеппен 12% өсті, соның ішінде экспорт - 13%, импорт - 11%.

Ағымдағы жылғы қаңтар-мамырда Достастық елдері тауарларының әлемнің басқа елдерінің рынноктарына экспортының көлемі 2004 жылғы қаңтар-мамырдағыдан орта есеппен 38%, тауарлар импорты - 36% артық болды.

Жалақы. 2005 жылғы қаңтар-маусымда есептелген, орта есеппен алғандағы, орташа айлық атаулы жалақы (есептелген, бірақ төленбеген сомаларды ескере отырып) өткен жылғы тиісті деңгейден Әзірбайжанда 26%, Армениядa - 25%, Беларусьте - 37%, Қазақстанда - 14%, Қырғызстанда - 16%, Молдовада - 19%, Ресейде - 23%, Тәжікстанда - 58%, Украинада - 34% асып түсті.

2005 жылғы маусымда өткен жылғы маусымға қатысты атаулы жалақы Әзірбайжанда - 28%, Армениядa - 23%, Беларусьте - 34%, Қазақстанда - 14%, Қырғызстанда - 15%, Молдовада - 16%, Ресейде – 22%, Тәжікстанда - 53%, Украинада – 37% өсті.

Ағымдағы жылғы маусымда атаулы жалақы өткен айдағы деңгейден Әзірбайжанда – 0,9%, Беларусьте – 5,9%, Қазақстанда – 2,1%, Қырғызстанда – 8,9%, Молдовада - 5,4%, Ресейде – 7%, Тәжікстанда – 10,5%, Украинада – 7,7% асып түсті, Армениядa 1,1% төмендеуі байқалды.

Достастық елдеріндегі нақты жалақы деңгейі

(өсім, өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)



**Мамыр.*

2005 жылғы қаңтар-маусымда нақты жалақының ең жоғары өсімі өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда Тәжікстанда (48%), Армения мен Беларусьте (23%), Украинада (17%) байқалды.

Еңбек рыногы. Экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны (жұмыспен қамтылған және жұмыссыз) орта есеппен 2005 жылғы қаңтар-маусымда Достастық елдері бойынша орта есеппен 130 миллион адамды құрады; барлық халыққа қатысты бұл 50%-ға жуық, бұл іс жүзінде Ұлыбритания, Германия, АҚШ, Канада, Жапония және т.б. секілді дамыған елдердегі экономикалық белсенділік деңгейіне сәйкес келеді.

Экономикалық тұрғыдан белсенді халық құрамындағы жұмыспен қамтылғандардың үлес салмағы ТМД елдерінің көбісінде 90-95% шегінде түрленеді.

Халықаралық еңбек ұйымының әдіснамасы бойынша анықталатын жұмыссыздардың жалпы саны, яғни өз бетінше жұмыс іздеушілер (жұмыспен қамту қызметтерінде тіркелмеген) санын қоса Достастық бойынша тұтастай 2005 жылғы қаңтар-маусымда шамалау бойынша 9,5 миллион адамға бағаланады, немесе экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың 75%, соның ішінде Молдовада 0,1 (9,6%), Ресейде – 6,0 (8,2%), Украинада – 1,9 миллион адам (8,7%). Қазақстанда жұмыссыздар саны 2005 жылғы маусымда бағалау бойынша 640,6 мың адамды құрады (экономикалық тұрғыдан белсенді халық санына 7,7%).

Жұмыспен қамту қызметтерінде жұмыссыздар ретінде тіркелгендер санының экономикалық тұрғыдан белсенді халыққа (жұмыспен қамтылғандар мен жұмыссыздар санына) қатысты есептелетін тіркелетін жұмыссыздық деңгейі 2005 жылғы маусымның соңына Әзірбайжанда 1,4%, Арменияда – 8,0%, Беларусьте – 1,7%, Қазақстанда – 1,4%, Қырғызстанда – 3,1%, Молдовада – 1,9%, Ресейде – 2,8%, Тәжікстанда – 2,2%, Украинада – 3,0% құрады.

Достастық елдеріндегі тіркелген жұмыссыздық деңгейі

(2005 жылғы маусымның соңына; экономикалық тұрғыдан белсенді халық санына, %-бен)



**Мамыр.*

14.2 ЕО ЖӘНЕ ЕУРО-АЙМАҚ ЕЛДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Жалпы ішкі өнім. Еуростаттың алдын ала деректері бойынша 2005 жылдың бірінші тоқсанында маусымдық ауытқуларға бейімделген жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) көлемі 2004 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда Еуро-аймақта 1,4%-ға, ЕО-25-те – 1,6%-ға және ЕО-15-те – 1,5%-ға өсті. Есеп берген елдер ішінде ең көп өсімге Латвияда (7,4%), Эстонияда (6,9%), Литвада (5,6%) және Словакияда (5,1%) қол жеткізілді, мұның өзінде Нидерландыда (0,5%), Италияда (0,2%) және Мальтада (0,1%) төмендегені байқалды.

ЕО-25-тің негізгі серіктестері арасында - АҚШ пен Жапонияда ЖІӨ-нің өсуі өткен жылдың бірінші тоқсанында - тиісінше, 3,7% және 0,9% құрады.

2005 жылдың бірінші тоқсанында өткен тоқсанмен салыстырғанда Еуро-аймақ және ЕО-25-ке мүше-елдер арасында ЖІӨ-нің ең көп өсуі Грецияда (2,0%) және Эстонияда (1,8%), ал ең көп төмендеуі – Мальтада (5,9%), Нидерландыда (0,8%) және Италияда (0,5%) байқалды. АҚШ пен Жапонияда ЖІӨ-нің өсуі – тиісінше, 0,9% және 1,2% құрады.

Өнеркәсіп өндірісі. Еуростаттың алдын ала деректері бойынша 2005 жылдың мамырында маусымдық ауытқуларға бейімделген өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2004 жылдың мамырымен салыстырғанда Еуро-аймақ пен ЕО-25-те 0,1%-ға өсті. Өндіріс көлемінің ең көп өсуі Еуро-аймақ пен ЕО-25-тің қысқа мерзімді пайдаланылатын тауарлар секторында – тиісінше, 1,1% және 1,0% байқалды. Өндіріс көлемінің өсуі сондай-ақ Еуро-аймақ пен ЕО-25-тің күрделі және энергетикалық тауарлар секторында байқалды. Оның ең көп төмендеуі Еуро-аймақтың ұзақ мерзімді пайдаланылатын тауарлар секторында 3,5%, ЕО-25-те 2,6%, ең аз төмендеуі – екі аймақтың да аралық тауарлар секторында 0,5% байқалды.

Секторлар бойынша өнеркәсіп өнімдері көлемінің өзгеру серпіні

өткен жылдың тиісті айымен салыстырғанда, %



2005 жылдың мамырында өткен жылдың мамырымен салыстырғанда есеп берген еуропа елдері арасында өндіріс көлемінің ең көп өсуі Литвада – 18,5%, Венгрияда – 10,2%, Эстонияда – 8,4% және Латвияда – 8,0%, ал оның ең көп төмендеуі Финляндияда – 9,3%, Португалияда – 4,7% және Ирландияда – 3,4% тіркелді.

2005 жылдың мамырында 2005 жылдың сәуірімен салыстырғанда есеп берген еуропа елдері арасында өнеркәсіп өндірісінің көлемі Еуро-аймақ пен ЕО-25-тің 12 елінде өсіп, ал 10 елінде жуық төмендеді. Ең көп өсім Литвада – 5,5%, Словенияда – 2,4% және Данияда – 2,3% байқалды. Өнеркәсіп өндірісі көлемінің ең көп төмендеуі Португалияда – 4,6%, Финляндияда – 4,6% және Люксембургте – 2,6% тіркелді.

Бөлшек сауда. Еуростаттың алдын ала деректері бойынша бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 2005 жылдың мамырында 2004 жылдың тиісті айымен салыстырғанда Еуро-аймақта 1,9%-ға, ЕО-25-те – 2,0%-ға өсті. Бөлшек сауда көлемінің өсуі Еуро-аймақ пен ЕО-25-тің барлық тауар топтары бойынша байқалды. Ең көп өсуі Еуро-аймақ пен ЕО-25-тің шаруашылық тауарлары саудасында – 2,1% және 2,4%, сондай-ақ азық-түлік тауарлары саудасында – тиісінше, 1,9% және 2,0% тіркелді. Ең аз өсуі Еуро-аймақ пен ЕО-25-тегі азық-түлік тауарлары саудасында – тиісінше, 1,6% және 1,7% байқалды.

Бөлшек сауда көлемінің өзгеру серпіні

өткен жылдың тиісті айымен салыстырғандағы өзгерісі %-бен



2005 жылдың мамырында 2004 жылдың тиісті айымен салыстырғанда бөлшек сауда көлемінің ең көп өсуі Латвияда – 15,8%, Литвада – 12,7%, Эстонияда – 11,8% және Данияда – 10,3% тіркелді. Бөлшек сауда көлемінің төмендеуі Люксембургте – 3,5%, Нидерландыда – 2,3%, Польшада – 0,7% және Италияда – 0,3% байқалды.

2005 жылдың мамырында өткен аймен салыстырғанда есеп берген Еуро-аймақ және ЕО-25 елдері арасында бөлшек сауда көлемінің ең көп төмендеуі Португалияда – 2,7%, Испанияда– 1,2% және Данияда – 0,8% байқалды. Бөлшек сауда көлемінің ең көп өсуі Польшада – 2,7%, Литвада - 2,6% және Германияда – 1,8% тіркелді.

Сыртқы сауда. Еуростаттың алдын ала деректері бойынша сауда балансының профициті басқа елдермен бірге Еуро-аймақта 2005 жылдың мамырында 2,2 млрд. еуроны құрады, ал 2004 жылдың мамырында ол – 7,2 млрд. еуроны құраған. 2005 жылғы сәуірдегі сыртқы сауда балансы туралы деректер нақтыланып, профицит – 2,0 млрд. еуроны құрады (2004 жылғы сәуірде – профицит 6,7 млрд. еуро болған).

Бағалау бойынша, 2005 жылдың мамырында ЕО-25-тің сыртқы сауда балансының дефициті 7,3 млрд. еуро болды, 2004 жылғы мамырда ол 3,2 млрд. еуроны құраған. 2005 жылғы сәуірдегі сыртқы сауда балансы туралы нақтыланған деректер бойынша сауда балансының дефициті 8,9 млрд. еуроны құрады, ал 2004 жылдың тиісті кезеңінде – 7,2 млрд. еуро болды.

2005 жылғы қаңтар-сәуірде өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда негізгі серіктестермен сауда көлемі ЕО-25-те өсті. Импорт көлемінің ең көп өсуі Ресейден (33%), Қытай және Үндістаннан (19%), Түркия және Норвегиядан (15%) әкелінген импортқа тіркелсе, ал экспорт көлемінің ең көп өсуі – Ресейде (24%), Үндістанда (22%) және Швецарияда (10%) тіркелді.

ЕО-25 елдері арасында сауда балансы профицитінің 2005 жылғы қаңтар-сәуірде ең көп көлемі Германияда (55,0 млрд. еуро), Нидерландыда (11,8 млрд. еуро), Ирландияда (10,8% млрд. еуро), ал сауда балансы дефицитінің ең көп көлемі Ұлыбританияда (30,7 млрд. еуро), Испанияда (22,6 млрд. еуро), Грециядa (10,4 млрд. еуро) және Францияда (9,9 млрд. еуро) тіркелді.

Баға

Инфляция. Еуростаттың алдын ала деректері бойынша Еуро-аймақ, ЕО-25 пен ЕО-15-тегі инфляцияның жылдық өсімі 2005 жылдың маусымында өткен аймен салыстырғанда өсіп, 0,1%-дан құрады. 2005 жылдың маусымында 2004 жылғы тиісті аймен салыстырғанда инфляцияның жылдық өсімі Еуро-аймақта – тиісінше 2,1%-ға өсті, ЕО-25 пен ЕО-15-тегі өсіп, 2,0%-дан құрады.

Еуро-аймақтағы тауарлар мен қызметтерге баға деңгейінің өзгеру серпіні

өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен



**) Алдын ала деректер.*

Қолда бар деректер бойынша ЕЕА-дағы (Европалық экономикалық кеңістік елдері) инфляцияның жылдық өсімі 2005 жылғы маусымда 2004 жылғы тиісті аймен салыстырғанда өсіп, 2,0% құрады.

2005 жылдың маусымында өткен жылдың тиісті айымен салыстырғанда баға деңгейінің өсімі есеп берген барлық еуропа елдерінде байқалды. Баға деңгейінің ең көп өсімі Латвияда (6,6%), Венгрияда (3,7%), Люксембург, Греция, Испания және Эстонияда (3,2%) тіркелді.

Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасы. Еуростаттың алдын ала деректері бойынша өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасы 2005 жылдың маусымында 2004 жылғы тиісті аймен салыстырғанда Еуро-аймақ пен ЕО-25-те – тиісінше 4,0%-ға және 4,8%-ға өсті.

Бағаның өсімі өнеркәсіптің барлық секторларында тіркелді. Бағаның ең көп өсуі 2005 жылдың маусымында өткен жылдың тиісті айымен салыстырғанда ЕО-25-тің энергетикалық тауарлар секторында 16,0%, Еуро-аймақта 13,3%, аралық тауарлар секторында – тиісінше 2,9% және 2,6% тіркелді. Бағаның ең аз өсуі ЕО-25-тегі қысқа мерзімді пайдаланылатын тауарлар секторында – 1,0%, Еуро-аймақта – тиісінше 0,7% тіркелді.

Секторлар бойынша өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасының өзгеру серпіні

өткен жылдың тиісті айымен салыстырғанда %



2005 жылдың маусымында 2004 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда ЕО-25-тің есеп берген көптеген елдерінде барлық елдердегі өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасының өсуі тіркелді, Люксембургтен басқа, мұнда оның төмендеуі 1,6% байқалды. Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасы деңгейінің ең көп өсімі Ұлыбританияда - 9,5%, Венгрияда – 9,0%, Данияда - 8,7%, ал ең аз өсімі Ирландияда - 1,1% және Бельгияда – 1,7% тіркелді.

2005 жылдың маусымында өткен аймен салыстырғанда ЕО-25-тің есеп берген көптеген елдерінде өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасының өсуі байқалды. Бағаның ең көп өсуі Литва және Грецияда – 1,3%-дан және Данияда – 1,0% тіркелді. Бағаның төмендеуі Бельгия және Португалияда – 0,1%-дан және Чехияда - 0,2% тіркелді. Люксембург пен Словениядағы баға өзгеріссіз қалды.

Жұмыссыздық деңгейі. Еуростат деректері бойынша жұмыссыздықтың жалпы деңгейі 2005 жылдың маусымында 2004 жылғы маусыммен салыстырғанда ЕО-25-те 9,0%-дан 8,8%-ға дейін, Еуро-аймақта 8,9%-дан 8,7%-ға дейін төмендеді.

2005 жылдың маусымында жұмыссыздықтың ең төмен деңгейі Ирландияда – 4,3%, Дания және Нидерландыда – 4,8%-дан тіркелді. ЕО-25 елдері арасында жұмыссыздықтың ең жоғары деңгейі Польшада (17,6%), Словакияда (15,4%) Испанияда (9,8%), Францияда (9,7%) және Данияда (9,5%) байқалды.

Соңғы он екі ай ішінде (2004 жылдың маусымынан бергі) жұмыссыздық деңгейінің өсуі Венгрияда (5,8%-дан 6,3%-ға дейін), Португалияда (6,7%-дан 7,1%-ға дейін) Люксембург және Кипрде (4,8%-дан 5,4%-ға дейін), ал ең көп төмендеуі – Грецияда (9,4%-дан 7,8%-ға дейін), Испанияда (11,1%-дан 9,8%-ға дейін), Польшада (18,8%-дан 17,6%-ға дейін) және Словакияда (18,4%-дан 15,4%-ға дейін) байқалды. 2005 жылдың маусымында 2004 жылғы маусыммен салыстырғанда еркектер арасындағы жұмыссыздық деңгейі ЕО-25-те 8,1%-дан 7,9%-ға дейін, Еуро-аймақта – 7,6%-дан 7,5%-ға дейін төмендеді. Әйелдер арасындағы жұмыссыздық деңгейі Еуро-аймақта 10,6%-дан 10,3%-ға дейін, ЕО-25-те 10,3%-дан 9,9%-ға дейін төмендеді.

25 жасқа дейінгі жұмыссыздар деңгейі ЕО-25 аумағында Даниядағы 7,0% бен Польшадағы 35,6% арасында ауытқып тұр. 2005 жылдың маусымында жастар арасындағы жұмыссыздық өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда Еуро-аймақта 17,8%-дан 17,9%-ға дейін өсті, ал ЕО-25-те – 18,5%-дан 18,4%-ға дейін төмендеді.

Еростаттың алдын ала деректері бойынша 2005 жылдың маусымында Еуро-аймақта 12,7 млн., ЕО-25-те – 19,0 млн. еркектер мен әйелдер жұмыссыз болды. Бұл деректер ХЕО (Халықаралық Еңбек Ұйымы) критерийлерін ескере отырып түзетілген.

14.3 2005 ЖЫЛДЫҢ ШІЛДЕСІНДЕГІ ЖЕКЕЛЕГЕН ТАУАРЛАРДЫҢ ӘЛЕМДІК РЫНОГЫНЫҢ КОНЪЮНКТУРАСЫ

Энергетикалық тауарлар. World Bank деректері бойынша 2005 жылдың шілдесінде 2005 жылдың маусымымен салыстырғанда негізгі энергетикалық тауарларға бағаның өсу үрдісі байқалды, Австралиядан әкелінген көмір бағасын (0,2-ға% төмендеген) қоспағанда.

2005 жылдың шілдесінде өткен аймен салыстырғанда бағаның өсуі мұнай маркаларының барлық түрлеріне тіркелді: Brent маркалы мұнай бағасы – 6,0%-ға, WTI (Техас Батыс штаты) маркалы мұнай бағасы - 4,0%-ға, Dubai маркалы мұнай бағасы – 3,7%-ға өсті. Шикі мұнайдың орташа споттық бағасы 4,6%-ға өсті.

Мұнайдың әлемдік бағасының серпіні

(доллар/баррель)



Металдар. 2005 жылдың шілдесінде ағымдағы жылдың маусымымен салыстырғанда металдардың әлемдік рыногында алюминий және мыс бағасынан басқа, барлық металдар бағасының төмендеуі байқалды. Бағаның ең көп төмендеуі қорғасын (13,3%), никель (9,8%), мырыш (6,4%), қалайы (5,9%) сияқты металдарға тіркелді. Бағаның өсуі алюминийге (2,8%) және мысқа (2,6%) байқалды. Қымбат металдар рыногында алтынның бағасы – 1,4%-ға, күмістің бағасы – 3,4%-ға төмендегені байқалды. Болаттың барлық түрлері (соның ішінде білеуше-болаттар) мен темір кенінің бағасы ағымдағы жылдың маусымындағы деңгейде өзгеріссіз қалды.

Металдардың және болаттың әлемдік бағасы

(доллар/тонна)



Ауыл шаруашылығы және азық-түлік тауарлары. 2005 жылдың шілдесінде өткен аймен салыстырғанда ауыл шаруашылығы және азық-түлік тауарларының әлемдік рыноктарында бір қалыпты емес үрдістер байқалды.

АҚШ-тың HRW бидайы бағасының 1,4%-ға өскені байқалды, ал Канададан әкелінген бидайдың және АҚШ-тың SRW бидайының бағасы – тиісінше, 3,2%-ға және 0,2%-ға төмендеді. 2005 жылдың шілдесінде өткен аймен салыстырғанда күріш бағасының 2,9%-ға төмендегені байқалды. Жүгері мен шайдың бағасы – тиісінше, 10,7%-ға және 5,4%-ға өсті.

2005 жылдың шілдесінде өткен аймен салыстырғанда Еуропаның ішкі рыногында қант бағасының – 2,1%-ға төмендегені тіркелді, ал әлемдік рыноктағы және АҚШ-тың ішкі рыногындағы қанттың бағасы – тиісінше, 6,4%-ға және 0,2%-ға өсті.

Қой етінің бағасы 3,8%-ға төмендеді, ал сиыр еті мен балықтың бағасы - тиісінше, 1,7% және 3,4%-ға өсті.

Бидайдың әлемдік бағасының серпіні

(доллар/тонна)



Шикізат және тыңайтқыштар. 2005 жылдың шілдесінде ағымдағы жылдың маусымымен салыстырғанда Камеруннан әкелінген сүрек (ағаш материалы) бағасының 1,1%-ға төмендегені, Малайзиядан әкелінген сүрек (бөрене) бағасының, керісінше, 1,2%-ға өскені байқалды. Бағаның өсуі каучук пен мақтаның (“A Index”) тіркелді. Жүн бағасының аздап төмендегені байқалды (0,1%). Диаммониум фосфаты мен калий хлоридінің бағасы – тиісінше, 3,6% және 3,2%-ға өсті, ал үш суперфосфаттың бағасы 0,5%-ға төмендеді. Тау фосфатының бағасы ағымдағы жылдың маусымындағы деңгейде өзгеріссіз қалды.

Шикізаттың әлемдік бағасы

(цент/кг)



Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігінің
Төрағасы **Қ.Әбдиев**

1. КРАТКИЕ ИТОГИ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В ЯНВАРЕ-ИЮЛЕ 2005 года

Макроэкономические показатели. Объем *валового внутреннего продукта*, по оперативным данным, в январе-июне 2005г. составил в текущих ценах 3013,4 млрд.тенге. Рост реального ВВП по сравнению с аналогичным периодом 2004г. составил 109,1%. В структуре ВВП доля производства товаров составила 41,6% от ВВП, услуг – 54,2%.

Индекс потребительских цен в июле 2005г. по сравнению с декабрем 2004г. составил 104,0%. Цены и тарифы на продовольственные товары возросли на 4,7%, на непродовольственные товары - на 2,5%, платные услуги – на 4,0%. Цены предприятий-производителей промышленной продукции в июле 2005г. выросли по сравнению с декабрем 2004г. – на 17,9%.

Численность безработных в июле 2005г., по экспертной оценке, составила 628,8 тыс. человек, *уровень безработицы* – 7,9% к численности экономически активного населения, в том числе численность граждан, зарегистрированных в органах занятости в качестве безработных, на конец июля т. г. составила 110,7 тыс. человек, их доля в численности экономически активного населения – 1,4%.

Реальный сектор экономики. *Объем промышленного производства* в январе-июле 2005г. составил в действующих ценах 2731,7 млрд. тенге, что на 5,1% больше, чем в январе-июле 2004г. В горнодобывающей промышленности объем производства по сравнению с аналогичным периодом 2004г. возрос на 4,9%, в обрабатывающей – на 5,4%, в производстве и распределении электроэнергии, газа и воды – на 3,5%.

Объем валовой продукции сельского хозяйства в январе-июле 2005г. составил в текущих ценах 216,5 млрд. тенге и по сравнению с январем-июлем 2004г. увеличился на 5%.

Общий объем грузоперевозок (с учетом оценки объема перевозок грузов нетранспортными организациями и предпринимателями, занимающимися коммерческими перевозками) в январе-июле 2005г. составил 1019,5 млн. тонн и по сравнению с соответствующим периодом 2004г. возрос на 3,6%.

